«Түркістан облысы Арыс қаласының көше жарықтандыру жүйелерін жаңғырту және қызмет көрсету»
жобасы бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
«Түркістан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі

2024 жыл

«Түркістан облысы Арыс қаласының көше жарықтандыру жүйелерін жаңғырту және қызмет көрсету» жобасы бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты

Түркістан қаласы **№28** **«27» 03 2024 жыл**

«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V Заңына сәйкес, бұдан әрі «1-Мемлекеттік әріптес» деп аталатын Қазақстан Республикасы атынан «Түркістан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ереже негізінде әрекет ететін басшысы Мұздыбеков Руслан Орынбекұлы, бұдан әрі «2-Мемлекеттік әріптес» деп аталатын «Арыс қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің атынан Ереже негізінде әрекет ететін басшысы Ақылбай Қазыбек Бауыржанұлы бұдан әрі бірлесіп «Мемлекеттік әріптестер»деп аталатындар бір тараптан, және бұдан әрі Жекеше әріптес деп аталатын «Kazakh Real Stroi» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Абдиев Нурболат Абдыкаликович екінші тараптан бұдан әрі бірлесіп Тараптар, жеке алғанда Тарап деп аталатындар Жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша жекеше әріптесті айқындау бойынша Комиссияның шешіміне сәйкес «Түркістан облысы Арыс қаласының көше жарықтандыру жүйелерін жаңғырту және қызмет көрсету» МЖӘ шартын жасасты.

1. Анықтамалар

1. Осы Шартта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) **Пайдалануға беру актісі** - алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету бойынша емхананың пайдалануға берілгенін растайтын құжат;

2) **МЖӘ объектісін қабылдау-беру актісі** – Жекеше әріптеспен МЖӘ объектісін 2-Мемлекеттік әріптеске мемлекеттік меншікке бергенін растайтын құжат;

3) **Жаңғырту және пайдалану үшін МЖӘ объектісін қабылдау-беру актісі** – 2-Мемлекеттік әріптеспен МЖӘ объектісін одан әрі пайдалану, оның ішінде МЖӘ шартында көзделген тиісті медициналық қызметтер көрсету үшін Жекеше әріптеске бергенін растайтын құжат;

4) **«Археологиялық олжалар»** – құрылыс аумағында табылған қазбалар мен көне ескерткіштер;

5) **Баланс ұстаушы** – балансына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік меншікке қабылдауға жататын МЖӘ объектісін бекіту болжанатын мемлекеттік заңды тұлға;

6) **Мемлекеттік органар** – мемлекет атынан ҚР Конституциясы, заңдары, өзге де нормативтік құқықтық актілері арқылы: жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерін белгілейтін актілер шығару; әлеуметтік мәні бар қоғамдық

құлық ережелерін белгілейтін актілер шығару; әлеуметтік мәні бар қоғамдық қатынастарды басқару мен реттеп отыру; мемлекет белгілеген жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерінің сақталуына бақылау жасау жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік мекемелер. Мемлекеттік органның юрисдикциясы ҚР заңнамасына сәйкес Жекеше әріптеске немесе қосалқы мердігерлерге, сондай-ақ әрбір жағдайда ҚР аумағында кез келген тәуелсіз реттеуші органға қолданылады. Шарттың мақсаттары үшін Мемлекеттік әріптестер және реттеуші органдардың кез келгені Мемлекеттік органдар болып саналады;

7) **Мемлекеттік-жекешелік әріптестік** *(бұдан әрі – МЖӘ)* – 2015 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында *(бұдан әрі – Заң)* айқындалған белгілерге сәйкес келетін мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптесарасындағы ынтымақтастық нысаны;

8) **1-Мемлекеттік әріптес** – «Түркістан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» Коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

9) **2-Мемлекеттік әріптес** – «Арыс қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» Коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

10) **Шарт** – шартта көрсетілген және шарттың ажырамас бөліктері болып табылатын барлық қосымшаларды (және егер бар болса, оларға құжаттарды) қоса алғандағы Тараптар қол қойған осы шарт;

11) **Шартты тіркеу күні** – Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде шартты тіркеу күні;

12) **Қызметтерді көрсетудің басталу және Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталу күні** – қызмет көрсетудің, жұмыстардың орындалуының басталу күні және жеке серіктестің қажетті тауарларды сатып алуы. Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы оның тіркелген күнінен бастап 6 (алтыншы) жылды білдіреді;

13) **Жаңғыртудың басталу күні** – Жекеше әріптес МЖӘ объектісін жаңғыртудың басталу күні, алдын ала шарттардың қолданылуы тоқтатылған күннен ерте емес;

14) **Жаңғыртудың аяқталу күні** – жобалық және / немесе техникалық құжаттамаға сәйкес МЖӘ объектісін жаңғырту жөніндегі іс-шаралардың аяқталу күні;

15) **Шартты бұзу күні** – бұзу туралы хабарлама алғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кейін басталатын күн;

16) **Ақау** - осы Шартқа 8-қосымшада көрсетілген және Елеусіз ақаулар, Елеулі Ақаулар және Қауіпті ақаулар болып жіктелген ақаулы ұпайларды берілуіне әкеп соғуы мүмкін кез келген ақаулар;

17) **«Ақаулық ұпайлар»** – осы Шартқа 8-қосымшаға сәйкес, ақаулар немесе өзге де бұзушылықтар болған жағдайда 2-Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске есептейтін айыппұл ұпайлары;

18) **Қаржыландыру шарттары** – МЖӘ жобасын қаржыландыруға қатысты Жекеше әріптес және Кредиторлар арасында жасалған кез келген шарттар және/немесе құжаттар;

19) **Кредитор** – тіркеу күнінен кейін Жекеше әріптеспен қаржыландыру туралы Келісім жасасқан қаржылық ұйым;

20) **Заңнама** – белгіленген тәртіпте қабылданған және Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін нормативтік-құқықтық актілердің жиынтығы;

21) **Айрықша құқық** – өзінің қалауы бойынша заңға қайшы келмейтін кез келген тәсілмен Жекеше әріптестің зияткерлік қызмет нәтижелерін немесе дараландыру құралдарын пайдалануға және өзге тұлғалардың осындай пайдалануына тыйым салуға немесе рұқсат беруге Мемлекеттік әріптеске тиесілі құқықтардың жиынтығы;

22) **Кадрлар** – Жекеше әріптестің объектіні жаңғыртуға және пайдалануға байланысты қызметіне дайындалған, білікті жұмыскерлерінің негізгі (штаттық) құрамы;

23) **Операциялық шығындардың өтемақысы (ОШӨ)** – Заңның 9-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес инвестициялық шығындардың өтемақысы;

24) **МЖӘ объектісі** – Бұл жобадағы МЖӘ объектісі көше (сыртқы) жарықтандыру жүйелерінің және байланыс желісінің элементтері мен құрылғылары болып табылады: шамдар, кронштейндер, тіректер, электр берудің әуе және кабельдік желілері, СЖБШ басқару шкафтары, жабдықтау пункттері, трансформаторлық қосалқы станциялар, сондай-ақ жаңадан жаңғыртылатын (калпына келтірілетін) желілер, серверлік жабдықтар, СЖБАЖ бағдарламасы, диспетчерлік пункт және пайдалану МЖӘ жобасын іске асыру шеңберінде Жекеше әріптестің меншік құқығындағы жекеше әріптеске тиесілі мамандандырылған техниканы, жабдықты, өзге де материалдарды және т. б. пайдалана отырып, Түркістан облысы Арыс қаласының қолданыстағы көше жарықтандыру желісін жаңғырту және сервистік қызмет көрсету арқылы Түркістан облысының Арыс қаласының қолайлы өмірлік ортасын құруға бағытталған қызметтері;

25) **Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор)** – Шартқа қатысатын тараптардың еркіне бағынбайтын, болжап болмайтын, бірақ шарттық міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігіне алып келетін оқиғалар;

26) **МЖӘ объектісінің жоспарланатын құны** – МЖӘ объектісін жоспарлау сатысында айқындалған, МЖӘ объектісін жаңғырту және пайдалануға беру мақсатында жүргізілген Жекеше әріптестің барлық шығындарының сомасы;

27) **Мемлекеттік әріптестің өкілі** – Мемлекеттік әріптес тағайындаған, Шартта қарастырылған жағдайларда сенімхат негізінде әрекет ететін және Мемлекеттік әріптес атынан әрекет етуге барлық уәкілеттіліктерге ие тұлға;

28) **Жекеше әріптестің өкілі** – Жекеше әріптес тағайындаған, Шартта қарастырылған жағдайларда сенімхат негізінде әрекет ететін және Жекеше әріптесатынан әрекет етуге барлық уәкілеттіліктерге ие тұлға;

29) **Рұқсаттар** – Уәкілетті органның рұқсат беруші органдарымен лицензиялау немесе рұқсат беру процедуралары арқылы жүзеге асырылатын, қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруға жеке немесе заңды тұлғаның құқықтарын растау. Шарт аясында Рұқсаттар деп Жекеше әріптестің Шарт бойынша міндеттемелерінің кез келгенін орындау үшін қажетті барлық рұқсаттар, келісулер, мақұлдаулар, актілер, лицензиялар және бекітілген НҚА түсінілуі мүмкін;

30) **Шарттың қолданылу мерзімі** – шартты қазынашылық органдарында тіркеген сәттен басталатын және шартты бұзу күніне не шарт аяқталған күнге аяқталатын кезең;

31) **Ағымдық жөндеу** – алдын алу іс-шараларын жүргізу және ұсақ зақымдар мен ақаулықтарды жою арқылы ғимараттар мен инженерлік жабдықтың бөліктерін жүйелі және уақытында сақтауға бағытталған, ғимараттардың құрылымдары мен инженерлік жабдықтың жүйелерінің дұрыстығын (жұмысқабілеттілігін) қалпына келтіру, сондай-ақ барлық пайдаланушылық көрсеткіштерін қолдау мақсатымен жүргізілетін техникалық іс- шаралардың кешені;

32) **Қызметтер** – қызмет көрсету кезінде МЖӘ объектісін пайдаланумен және ұстаумен байланысты Жекеше әріптестің (және/немесе Жекеше әріптестің өкілдерінің, жұмыскерлерінің, мердігерлерінің) әрекеттері;

33) **Жекеше әріптес** – «Kazakh Real Stroi» ЖШС;

34) **МЖӘ объектісін пайдалану** – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін Шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда МЖӘ объектісінің тағайындауына сәйкес, оның ішінде Қызметтер көрсету мақсатында пайдалануы;

35) **«Пайдалану кепілдігі»** – МЖӘ шартының талаптарына сәйкес, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін пайдалану басталған сәттен бастап ұсынатын кепілдік;

36) **Кадрлардағы жергілікті қамту** – жұмысшылар мен қызметшілерді әрбір санат бойынша бөлумен, келісімшартты орындау кезінде тартылған персоналдың жалпы санына қатысты пайызбен алынған қазақстандық кадрлардың саны;

37) **Жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) жергілікті қамту** – жұмыстардағы (қызметтердегі), шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жұмыскерлердің еңбекақысын төлеу құнында, жұмысты орындау кезінде пайдаланылатын тауарлар құнын және қосалқы мердігерлер шарттарының бағаларын шегерумен, жұмысты орындауға немесе қызмет көрсетуге арналған шарт бойынша жұмысты (көрсетілетін

қызметті) өндірушінің еңбекақысын төлеу қорында жергілікті қамту құнының жалпы жиынтық үлесі;

38) **Тауарлардағы жергілікті қамту** – Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын тауарларды өндірушінің тауарды өңдеуге пайдаланылатын жергілікті материалдар мен шығындар құнының тауардың түпкілікті құнындағы пайыздық құрамы;

39) **МЖӘ жобасының бастапқы параметрлері мен сипаттамалары** – мемлекеттік әріптес қабылдаған және Тараптардың осы бірлескен шартқа қол қоюымен бекітілген МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасына және қаржы-экономикалық моделіне сәйкес МЖӘ жобасы бойынша конкурсқа қатысу үшін конкурстық өтінім беру сатысында жекеше әріптес мәлімдеген МЖӘ жобасының базалық параметрлері мен сипаттамалары. Көрсетілетін қызметтердің көлемін және операциялық шығындардың ұлғаюына байланысты ОШӨ мөлшерін өзгертуді қоспағанда, МЖӘ жобасының базалық параметрлері мен сипаттамалары өзгертуге жатпайды;

40) **Қолайсыз әрекеттер** – Шарттың 30-бөлімінде көрсетілген мәнге ие;

41) **Жекеше әріптестің жабдығы** – Жекеше әріптестің есебінен МЖӘ объектісін жаңғыртуға және пайдалану үшін сатып алынған жабдықтар, механизмдер, көлік және өзге құралдар;

42) **МЖӘ объектісін жаңғырту** – қолданыстағы көшелерді жарықтандыру желілерін жаңғырту, оның ішінде жаңа технологиялар негізінде жаңа жарықдиодты жабдықты орнату, сондай-ақ МЖӘ объектісінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыстардың өзге түрлерін өндіру;

43) **Жекеше әріптестің персоналы** – Жекеше әріптес МЖӘ объектісін жаңғырту және пайдалану, оның ішінде Қызметтерді көрсету кезеңінде тартқан бүкіл персонал;

44) **Қағидалар (725 Қағидалар)** – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне 2015 жылы 31 желтоқсанда № 12717 болып тіркелген) МЖӘ жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидалары *(бұдан әрі – Қағидалар)*;

45) **Қызметтерді тұтынушылар** – МЖӘ жобасын іске асырудан пайда алатын, көше (сыртқы) жарықтандыру саласындағы қызметтерді пайдаланушы Арыс қаласының халқы;

46) **МЖӘ объектісін пайдалану құқығы**-МЖӘ объектісін пайдалану барысында пайда алудың заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндігі; пайда табыс түрінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа қайшы келмейтін өзге де нысандарда болуы мүмкін;

47) **МЖӘ жобасы** – Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес шектеулі уақыт кезеңі ішінде іске асырылатын және аяқталған сипаттағы мемлекеттік-жекешелік әріптестікті жүзеге асыру жөніндегі дәйекті іс-шаралар жиынтығын қамтитын «Түркістан облысының Арыс

қаласының көшелерді жарықтандыру жүйелерін жаңғырту және оларға қызмет көрсету» МЖӘ жобасы;

48) **Қызметтер** – қызмет көрсету кезінде МЖӘ объектісін пайдаланумен және ұстаумен байланысты Жекеше әріптестің (және/немесе Жекеше әріптестің өкілдерінің, жұмыскерлерінің, мердігерлерінің) әрекеттері;

49) **Рұқсаттар** – Уәкілетті органның рұқсат беруші органдарымен лицензиялау немесе рұқсат беру процедуралары арқылы жүзеге асырылатын, қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруға жеке немесе заңды тұлғаның құқықтарын растау. Шарт аясында Рұқсаттар деп Жекеше әріптестің Шарт бойынша міндеттемелерінің кез келгенін орындау үшін қажетті барлық рұқсаттар, келісулер, мақұлдаулар, актілер, лицензиялар және бекітулер түсінілуі мүмкін;

50) **Реттеуші органдар** – рұқсат етуші және хабарлаушы тәртіп енгізілген немесе енгізу жоспарланып отырған нақты салада қызметті реттеуге жауапты мемлекеттік органдар. Шарт аясында Реттеуші органдар жергілікті немесе мемлекеттік билік болып табылатын немесе оның құрылымына кіретін және МЖӘ объектісі үшін коммуналдық қызметтердің жеткізушілерін және кез келген Рұқсатты беруге жауапты болып табылатын немесе жауапты болатын кез келген органдар мен тұлғаларды қоса алғанда, мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ заңды тұлғалар болуы мүмкін;

51) **Тәуекелдер** – пайда болған жағдайда оң немесе теріс әсері болатын, ақша түріндегі сатып алуларға немесе шығындарға алып келетін оқиға немесе шарт;

52) **Шарттың қолданылу мерзімі** – Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен аумақтық қазынашылық бөлімшесінде міндетті тіркелген сәттен бастап күшіне енеді және тіркелген күннен бастап 60 (алпыс) ай (бес жыл) ішінде, ал қаржылық міндеттемелер мен жауапкершілікті орындау бөлігінде – Тараптар оларды толық орындағанға дейін қолданылады. Шарттың қолданылу мерзімін өзгерту «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес мүмкін болады;

53) **МЖӘ объектісін пайдалану мерзімі** – МЖӘ объектісін пайдалану мерзімі 2024-2028 жж. (60 ай);

54) **МЖӘ объектісін құру** – жекеше әріптестің меншікті (оның ішінде тартылатын) қаражаты және операциялық шығындардың көзделген өтемақысы есебінен Түркістан облысы Арыс қаласының бекітілген аумағында көше (сыртқы) жарықтандыру жүйесін жаңғырту (қалпына келтіру); МЖӘ объектісінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыстардың, қызметтер көрсетудің өзге де түрлерін өндіру және жекеше әріптестің тауарлар сатып алуы;

55) **Шарттың мазмұны** – осы Шартта «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» ҚР Заңының (бұдан әрі –Заң) 46-бабының 1-тармағында көзделген барлық маңызды ережелердің мазмұны. Тараулар бойынша шарт талаптарының мазмұны өзінің дәйектілігімен жоғарыда аталған Заңның 46-бабы 1-тармағының бастапқы атауларына және дәйекті мазмұнына сәйкес келеді;

56) **Көше жарықтандыру жүйесі** – электр құрылғыларының кең желісін білдіреді. Жарықтандыру құрылғыларын немесе олардың бөліктерін уақтылы қосу мен өшіруді қамтамасыз ету (белгілі бір сағаттарда электр энергиясын тұтынуды азайту үшін іске асырылады) – жарықтандыруды басқарудың автоматтандырылған жүйелерінің міндеті;

57) **МЖӘ жобасының құны 813 786 810** (сегіз жүз он үш миллион жеті жүз сексен алты мың сегіз жүз он) теңгені 00 тиын құрайтын МЖӘ жобасының болжамды құнын білдіреді;

58) **Қызметтер** – қызмет көрсету кезінде МЖӘ объектісін пайдаланумен және ұстаумен байланысты Жекеше әріптестің (және/немесе Жекеше әріптестің өкілдерінің, жұмыскерлерінің, мердігерлерінің) әрекеттері;

59) **МЖӘ жобасын іске асырудың түпкілікті құны** – Тараптар осы Шартқа жазбаша қосымша келісімде көрсеткен, тиісті құжаттармен *(жекеше әріптес әзірлеген МЖӘ объектісін жаңғырту және пайдалану шеңберінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құнын растайтын жобалау және/немесе техникалық құжаттама және/немесе өзге де құжаттар, Жекеше әріптеспен қаржыландырушы ұйым арасындағы банктік қарыз шарттары)* расталатын, МЖӘ жобасын толық іске асыру үшін қажетті ақшалай қаражаттың Тараптар белгілеген мөлшері;

60) **МЖӘ объектісін жаңғырту сметасының шамамен алынған құны** – МЖӘ объектісін жаңғыртуды жүзеге *асыру (дайындау, жүргізу, аяқтау және т.б.)* үшін қажетті ақша қаражатының шамамен алынған сомасын білдіреді;

61) **МЖӘ объектісін пайдалану** – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін Шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда МЖӘ объектісінің тағайындауына сәйкес, оның ішінде Қызметтер көрсету мақсатында пайдалануы.

2. Қолданылатын құқық

1. Шарттың негізінде қол қойылған шарт және басқа да мәмілелер үшін Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

2. Шарт бойынша құқықты беруге бағытталған мәмілелер бойынша құқықтар мен міндеттерге Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

3. Жекеше әріптес Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау саласында қабылдаған халықаралық міндеттемелерді орындау міндеттемесін өзіне алады.

4. Егер олар Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға қайшы келмесе, заңнаманың нормалары қолданылады.

3. Шарттың нысанасы және МЖӘ объектісі

5. Осы МЖӘ шартының мәні Тараптардың осы Шартқа 1-қосымшаға сәйкес жарықтандыру жабдығының тиімді жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі проблемаларды кешенді шешу мақсатында Арыс қаласы әкімдігінің қарауына жататын Түркістан облысы Арыс қаласының көше жарықтандыру жүйелерін жаңғырту (қалпына келтіру) және сервистік қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруы кезінде Тараптардың қатынастарын реттеу болып табылады, ал

Мемлекеттік әріптестер осы Шартқа 1-қосымшаға сәйкес Жекеше әріптестің пайдасына қала тұрғындары үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ете отырып, қолайлы өмір сүру ортасын құру мақсатында осы Шарттың талаптарында көзделген мемлекеттік міндеттемелер, оның ішінде ОШӨ төлеуді қабылдайды.

6. МЖӘ объектісі: көше (сыртқы) жарықтандыру жүйелерінің және байланыс желісінің элементтері мен құрылғылары болып табылады: шамдар, кронштейндер, тіректер, электр берудің әуе және кабельдік желілері, СЖБШ басқару шкафтары, жабдықтау пункттері, трансформаторлық қосалқы станциялар, сондай-ақ жаңадан жаңғыртылатын (қалпына келтірілетін) желілер, серверлік жабдықтар, СЖБАЖ бағдарламасы, диспетчерлік пункт және пайдалану МЖӘ жобасын іске асыру шеңберінде Жекеше әріптестің меншік құқығындағы жекеше әріптеске тиесілі мамандандырылған техниканы, жабдықты, өзге де материалдарды және т. б. пайдалана отырып, Түркістан облысы Арыс қаласының қолданыстағы көше жарықтандыру желісін жаңғырту және сервистік қызмет көрсету арқылы Түркістан облысының Арыс қаласының қолайлы өмірлік ортасын құруға бағытталған қызметтері.

7. МЖӘ объектісінің сипаттамасы, құрылатын МЖӘ объектісінің қуаты, құрылымы және техникалық көрсеткіштері осы Шартқа 1-қосымшада көрсетілген.

8. МЖӘ жобасының мақсаты көше жарықтандыру жүйелерін жаңғырту және оларға қызмет көрсету арқылы Түркістан облысы Арыс қаласының тұрғындары үшін қолайлы экологиялық жүйе мен қолайлы орта құру болып табылады.

9. Сандық міндеттер:

- Қыздыру шамдары бар шамдар. Бөлшектеу – 910 дана.
- Кронштейндердегі шамдар (үш мүйізге дейін). Орнату – 910 шам;
- ҚР әмбебап СТ 2942-2016 ЖКУ 15-150-102 типті көше шамы, қуаты 150 Вт, IP23 – 910 дана.
- Флуоресцентті шамдары бар шамдар. Ауысым – 1200 дана.
- Т8, 1200 типті жарықдиодты шам, қуаты 18 Вт, IP 20 – 1200 дана.
- Елді мекендерде 35 мм2 дейінгі сымдардың қимасы 6-10кВ ӘЖ сымдары (1 км желіде 10 тіреу кезінде 3 сым). Механизмдердің көмегімен суспензия – 3,308 км желі;
- Елді мекендерде 35 мм2 жоғары сымдардың қимасы 6-10кВ ӘЖ сымдары (1 км желіде 10 тіреу кезінде 3 сым). Механизмдердің көмегімен суспензия – 3,466 км желі;
- Өткізгіш элементі жоқ, Алюминий өткізгіш өткізгіштері бар, жарықпен тұрақтандырылған термопластикалық полиэтиленнен оқшауланған, электр берудің әуе желілері үшін, ҚР СТ 2794-2015, ССП-4 4х35 маркалы жарықтандыру өткізгіші жоқ өздігінен жүретін оқшауланған сым-0,6/1,0 – 3,308 км;
- Өткізгіш элементі жоқ, Алюминий өткізгіш өткізгіштері бар, жарықпен тұрақтандырылған термопластикалық полиэтиленнен оқшауланған, электр

берудің әуе желілері үшін, ҚР СТ 2794-2015, ССП-4 маркалы 2х16 жарықтандыру өткізгіші жоқ өздігінен көтергіш сым-0,6/1,0 – 3,466 км;

- 35 кВ дейінгі Кабель, салмағы 1 м - ден 1 кг-ға дейін, дайын траншеяларда жабынсыз орнату – 300 м кабель;
- Реңктерді бөлшектеу және монтаждау – 103 дана.
- 1 топтағы топырақтар. Тереңдігі 2 м дейінгі траншеяларда беткейлері бар бекітпелерсіз қолмен әзірлеу – 1,728 м3 топырақ;
- Жалпы мақсаттағы іргетастар көлемі 3 м3 дейінгі бағандар астында бетон болып табылады. Құрылғы – 1,728 м3;
- Байланыс желісінің тіректері салмағы 1 тоннаға дейін болат болып табылады. Топырақ тобы 1, бұрғылау тереңдігі 2 м – 48 тірек;
- Қалыңдығы 3 мм ГОСТ 23118-2012 – 48 дана сыртқы жарықтандыруға арналған мырышталған болат, қырлы, конустық, фланецті тіреу.
- Есептегіштер бір фазалы. Дайын негізде орнату – 30 дана.
- Ажыратқыш түрі ВР-32 31 Ф-А30220-100А – 45 дана.
- АД14 4Р 16а 100ма-45 типті дифференциалды Автомат.
- КМИ 34012, 40А, 36В/АС-3, 1НО, 1НЗ – 45 дана шағын габаритті Контактор.
- Фарфор тартқыш Изолятор ГОСТ 30531-97 типті ИТГ 8-80 – 156 дана.
- Сақтандырғыш ДС 0,4 кв – 135 дана.
- РЛНД 10кВ изолятор пышақпен – 135 дана.
- Таймер 16а – 45 дана.

10. Жобаның тікелей нәтижесі Түркістан облысы мәслихатының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №19/234-VII шешімімен бекітілген Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізу болып табылады, оның нысаналы индикаторлары әрбір 5 жыл сайын жаңартылып отырады, оның бағдарламалық мақсаты – облысты дамытудың стратегиялық бағыттары: қоршаған ортаның сапасын жақсарту және экологиялық мәдениетті қалыптастыру; қолайлы қалалық ортаны қалыптастыру және тиімді қала құрылысы; Қолайлы экологиялық жүйені (экожүйені) және жайлы қалалық ортаны (наяам қала құрылысы, объектілердің «қадамдық» қолжетімділігі, жасыл қалалық орта және т. б.) құру, атап айтқанда: Арыс қаласының көше жарықтандыру желілерін жаңғырту және сервистік қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру жолымен, заманауи жабдықтарды, мамандандырылған техника мен заманауи технологияларды қолдану жолымен, сауатты мамандар.

11. Сандық және сапалық нәтижелер:

- Көше жарықтандыру желілерін ұстау сапасын қамтамасыз ету – 100%;
- Бекітілген нормаларға сәйкес Арыс қаласының үздіксіз және жеткілікті жарықтандырылуы – 100%;
- Жарықдиодты шамдардың техникалық сипаттамаларына сәйкестігі – 100%;

• Қала тұрғындарының жергілікті атқарушы органдарға қаланы жарықтандыру мәселелері бойынша өтініштерін барынша азайту – 100%.

12. Мемлекеттік әріптестің мүддесін білдіретін уәкілетті мемлекеттік органдар туралы мәліметтер:

1) «Түркістан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Жаңа қала көшесі, 32, байланыс телефоны: 8 (700) 205-95-78;

2) «Арыс қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысының Арыс қаласы, Әл-Фараби көшесі, 3, байланыс телефоны 8(72540)2-04-82.

13. МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесі осы Шартқа 3-қосымшада көрсетілген.

14. МЖӘ жобасын іске асырудың қаржы-экономикалық нысанының жоспары осы Шартқа 4-қосымшада көрсетілген.

15. Жекеше әріптеске пайдалану кезеңінде объектіні пайдалану процесінде, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шарттың талаптарына сәйкес ОШӨ алу жолымен кірістер алу құқықтары беріледі.

16. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін жаңғыртуды және пайдалануды жүзеге асырады және кейіннен Шарттың талаптарына сәйкес МЖӘ объектісін Түркістан облысының Арыс қаласының мемлекеттік коммуналдық меншігіне береді, ал 2-Мемлекеттік әріптес осы Шартта көзделген МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді Жекеше әріптестің пайдасына қабылдайды.

17. МЖӘ объектісі пайдалануға берілгеннен кейін Жекеше әріптес пен 2-Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісін қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған сәттен бастап мемлекеттік меншікке өтеді. Осы Шарттың қолданылу мерзімі кезеңінде пайдалану және пайдалану құқығы Жекеше әріптеске бекітілетін болады.

18. Осы Шарттан туындайтын Жекеше әріптестің барлық құқықтары, өкілеттіктері мен міндеттері осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Жекеше әріптес үшін айрықша болып табылады және Мемлекеттік әріптестер осы Шарттың қолданылу кезеңінде Жекеше әріптестің жазбаша келісімінсіз осы құқықтардың немесе осы Шарт бойынша Жекеше әріптестің міндеттемелерінің ешқайсысын кез келген өзге тұлғаға бермеуге міндеттенеді.

19. МЖӘ жобасының алдын ала құны: 813 786 810 (сегіз жүз он үш миллион жеті жүз сексен алты мың сегіз жүз он) теңге 00 тиынды құрайды, оның ішінде:

1) әлеуетті жекеше әріптестің инвестициялары (мемлекеттік бюджет есебінен өтелмейді) – 166 231 949 (жүз алпыс алты миллион екі жүз отыз бір мың тоғыз жүз қырық тоғыз) теңге 00 тиын;

2)жекеше әріптестің операциялық шығындарының өтемақысы 647 554 861 (алты жүз қырық жеті миллион бес жүз елу төрт мың сегіз жүз алпыс бір) теңге 00 тиын.

20. МЖӘ объектісінің алдын ала (шамамен) құны – 166 231 949 (бір жүз алпыс алты миллион екі жүз отыз бір мың тоғыз жүз қырық тоғыз) теңге 00 тиын, оның ішінде ҚҚС көлемі 17 810 566 (он жеті миллион сегіз жүз он мың бес жүз алпыс алты) теңге.

21. Тараптар Арыс қаласының көше (сыртқы) жарықтандыру желілерін салу Шарттың мәні болып табылмайды деген келісімге келді. Жекеше әріптеске қызметтердің қажетті саны мен сапасын ұсыну мақсатында жаңа МЖӘ объектілерінің құрылысын жүргізудің шарттары мен көлемдерін, егер одан әрі МЖӘ объектісінің көлемі мен санын ұлғайту қажет болған жағдайда, Шартқа қосымша келісімге қол қою арқылы тараптар болашақта заңнама талаптарына сәйкес келісе алады.

4. Шарттың елеулі талаптары

22. Осы Шарттың елеулі талаптары болып:

- *Шартқа 1-қосымшада келтірілген МЖӘ объектісінің ең төменгі техникалық сипаттамаларына қойылатын талаптар;*
- *қызмет көрсету және одан әрі пайдалану кезеңінде Шарттың ережелеріне сәйкес қызмет көрсету, жұмыстарды орындау сапасы;*
- *Осы Шарттың талаптарына сәйкес және заңнамада белгіленген тәртіппен ОШӨ төлеу.*

23. Осы Шарттың елеулі талаптары мұндай өзгерістердің бюджеттік тиімділігі (ақшалай мәнде) оң болған (бюджет шығыстарын ұлғайтпаған, мемлекеттік кірісті ұлғайтқан) жағдайда, сондай-ақ мұндай өзгерістер мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартында көзделген, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сапалық сипаттамаларына және (немесе) көлеміне және (немесе) қолжетімділігіне қойылатын талаптарды төмендетпесе, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының экономикалық және (немесе) әлеуметтік тиімділігі сақталған не ұлғайған жағдайда тараптардың келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін, бұған шартын жасасу кезінде оның талаптарында мұндай өзгерістердің көзделу жағдайлары қосылмайды.

24. Осы МЖӘ шартының елеулі талаптары тараптардың және Жекеше әріптес жалдайтын МЖӘ саласындағы халықаралық сертификатталған мамандардың қатысуымен келіссөздер хаттамалары негізінде ғана өзгертілуге жатады.

5. Алғашқы кепілдік

26. Жекеше әріптесті осы Шарттың тіркелгені туралы 1-Мемлекеттік әріптеспен хабарландырылған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде Жекеше әріптес 2-Мемлекеттік әріптеске Алғашқы кепілдікті беруге міндетті. Кепілдік Шартқа 6-қосымшада көрсетілген нысан бойынша рәсімделеді.

27. Кепілдік мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

1) Кепілдік Шарт бойынша болжанатын инвестициялардың 0,1% мөлшерінде берілуі тиіс;

2) Кепілдік Тіркеу күнінен бастап МЖӘ объектісін жаңғыртуды аяқтау күніне дейін Жекеше әріптестің Шарттың 27-тармағында көрсетілген Шарттың Алдын-ала талаптарын кез келген бұзуы жағдайында, 2-Мемлекеттік әріптеске берілген Алғашқы кепілдік бойынша талаптарды қоюға мүмкіндік беруі тиіс;

3) Кепілдік қай күн бұрын келгеніне байланысты МЖӘ объектісі пайдалануға берілген күні немесе Шартты бұзу күні кері қайтарылып алынуы тиіс;

4) Кепілдік жекеше әріптес МЖӘ объектісін жаңғырту аяқталғанға дейін қолданылады.

6. Алдын ала талаптар

27. Тараптар осы егер өзге мерзім жекелеген алдын ала шарттарда айтылмаса. Шарт тіркелген күннен бастап 1 (бір) айдан кешіктірмей осы Шарттың 28 және 29-тармақтарында көрсетілген алдын ала талаптарды орындауға тиіс.

29. Жекеше әріптес келесі алғышарттарды орындауы керек:

1) қарыз қаражаттарын тарту кезінде Қаржыландыру шарттарын жасау және Қаржыландыру шарттарында қарастырылған барлық талаптарды сақтау және 2-Мемлекеттік әріптеске барлық қосымшаларды, ілеспе құжаттарды қоса алғанда, қол қойылған Қаржыландыру шарттарының куәландырылған көшірмелерін, сондай-ақ Қаржыландыру шарттары өзгерген кезде барлық қосымшаларды, ілеспе құжаттарды қоса алғанда, жасалған қосымша келісімдердің көшірмелерін тиісті түрде тапсыру;

2) ҚНжЕ және ҚН талаптарына сәйкес жаңғыртуды жүзеге асыру үшін барлық қажетті рұқсат құжаттарын ресімдеу;

3) ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес МЖӘ объектісін жаңғырту жөніндегі жұмыстардың, көрсетілетін қызметтер мен тауарлардың құнын растайтын жобалау және/немесе техникалық құжаттаманы және/немесе өзге де құжаттаманы әзірлеуге міндетті. Көрсетілген құжаттамада конкурстық құжаттаманың және осы Шарттың талаптарына сәйкес қойылатын МЖӘ объектісіне қойылатын талаптар сақталуға тиіс.

4). Мемлекеттік әріптестерге орындаушыда білікті мамандардың болуын растайтын құжаттардың немесе білікті мамандары бар ұйымдармен шарттық қатынастардың көшірмелерін ұсыну;

5) жаңғыртуға рұқсаттардың барлығын алу және олардың көшірмелерін Мемлекеттік әріптеске тапсыру.

30. Мемлекеттік әріптестің алғышарты:

1) Шарт тіркелген күннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде мемлекеттік органның құзыретіне кіретін көшелерді жарықтандыру және сервистік қызмет көрсету жүйелерін жаңғырту және оларға қызмет көрсету, оның ішінде жаңғырту объектілерін Жекеше әріптеске беру жөніндегі қажетті құқықтарды, рұқсаттарды, құжаттаманы Жекеше әріптеске беру;

2) Жекеше әріптеске жаңғырту құқығын беру 2-Мемлекеттік әріптес қажетті құжаттаманы қоса бере отырып, көшені жарықтандырудың

қолданыстағы жүйелерін қабылдау-берудің актісін ресімдеу арқылы жүзеге асырылады. Актіге тараптар қол қояды және МЖӘ жобасын және осы Шарттың талаптарын іске асыру үшін Жекеше әріптеске беріледі;

3) Жекеше әріптес ұсынған ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес МЖӘ объектісін жаңғырту жөніндегі жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және тауарлардың құнын растайтын жобалық және/немесе техникалық құжаттаманы және/немесе өзге де құжаттаманы ол ұсынылған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей қарау және бекіту. Егер мемлекеттік әріптестер МЖӘ объектісін жаңғырту жөніндегі жұмыстардың, көрсетілетін қызметтер мен тауарлардың құнын растайтын жобалау және/немесе техникалық құжаттамаға және/немесе өзге де құжаттамаға қатысты қарсылық білдірмесе, 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жобалау құжаттамасын мемлекеттік әріптестер мақұлдаған болып есептеледі;

30. Тараптар Жекеше әріптес көшені жарықтандыру жүйелерін, сондай-ақ МЖӘ объектісін жаңғырту үшін онымен тығыз байланысты жер учаскелерін бергені және/немесе алғаны үшін қандай да бір өтемақы төлеу бойынша міндеттемелер көтермейтініне келіседі.

31. Тараптардың бірі Шарттың 28 және 29-тармақтарында көрсетілген шарттың алдын ала талаптарын тіркеген күннен бастап 1 (бір) ай өткен соң орындамаған жағдайда, Тараптар орындалмаған алдын ала талаптарды қалай орындау керектігін шешу мақсатында кездесу өткізуге міндеттенеді:

1). егер қандай да бір шарт Жекеше әріптестің кінәсінен орындалмаса: мемлекеттік әріптес, егер осындай кезең ішінде Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестерге орындалмаған шарттардың орындалғаны туралы хабардар еткен және Мемлекеттік әріптес бұған көз жеткізген жағдайды қоспағанда, Жекеше әріптеске бұзу күніне дейін күнтізбелік отыз (30) күн бұрын хабарлама жіберу арқылы осы Шартты сот тәртібімен бұзуға құқылы; бұл жағдайда осы Шарт бұзылмайды;

2) егер қандай да бір шарт Мемлекеттік әріптестің кінәсінен, сондай-ақ мемлекеттік органдардың қолайсыз әрекеттеріне байланысты орындалмаса: Жекеше әріптесмемлекеттік әріптеске күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабарлама жібере отырып, жоғалған пайданы және (немесе) залалды және (немесе) тұрақсыздық айыбын өндіріп алу құқығымен осы Шартты сот тәртібімен бұзуға құқылы, бұған осындай кезең ішінде Мемлекеттік әріптестер орындалмаған шарттардың орындалғанын Жекеше әріптеске хабарлаған және Жекеше әріптесбұған көз жеткізген жағдай қосылмайды; бұл жағдайда осы Шарт бұзылмайды;

3). егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларына байланысты орындалмаса:

– кез келген Тарап екінші Тарапқа бұзу күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабарлама жолдап, МЖӘ шартын бұза алады,;

– МЖӘ шарты осы тармақшаға сәйкес бұзылған жағдайда 2-Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Алғашқы кепілдікті қайтарады.

7.Жекеше әріптеске МЖӘ объектісін, аумақты және МЖӘ жобасын іске асыруға байланысты өзге де объектілерді беру тәртібі

32. Мемлекеттік әріптестер 5 (бес) жұмыс күні ішінде МЖӘ объектісінің құрылыс аумағын қарау және зерттеу үшін Жекеше әріптестің МЖӘ объектісінің құрылыс аумағына еркін және үздіксіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге тиіс.

33. 2-Мемлекеттік әріптес Шарт тіркелген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Жекеше әріптеске МЖӘ жобасын іске асырудың бүкіл мерзіміне одан әрі жаңғырту және пайдалану үшін Арыс қаласының сыртқы көшелерді жарықтандыру желісін ұсыну үшін заңнамаға сәйкес барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді;

34. МЖӘ объектісін МЖӘ объектісін үшінші тұлғалардың ауыртпалықтары мен құқықтарынан бос, қолданыстағы инженерлік инфрақұрылыммен жаңғырту және пайдалану үшін қабылдау-беру актісі бойынша 2-Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске береді.

35. Қабылдау-тапсыру актісінде:

1) актінің жасалған орны мен күні;

2) өкілдері тараптардың мүдделерін білдіруге уәкілеттік берілген құжаттардың атауы мен деректемелері;

3) МЖӘ объектісін беру жүргізілетін шартқа қол қойылған нөмірі мен күні;

4) анықталған ақаулар тізбесімен МЖӘ объектісінің атауы, оның орналасқан жері, техникалық сипаттамалары және жай-күйі.

36. Қабылдау-тапсыру актісіне Тараптардың өкілдері қол қояды және мөрлермен куәландырылады.

37. Қабылдау-тапсыру актісі екі данада қазақ және орыс тілдерінде жасалады, олардың біреуі 2-Мемлекеттік әріптесте сақталады және біреуі Жекеше әріптеске беріледі.

38. 2-Мемлекеттік әріптес тарапынан МЖӘ объектісін ұсыну кідіртілген жағдайда, Жекеше әріптес 2-Мемлекеттік әріптеске міндеттемелердің орындалмағаны туралы хабарлама жібереді.

39. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін беру жөніндегі міндеттемелерді орындамағаны туралы хабарлама жіберген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде МЖӘ объектісін берудің кідіріс мән-жайларын жою жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

40. МЖӘ объектісі, іргелес аумақтар және МЖӘ жобасын іске асыруға және МЖӘ объектісін жаңғыртуға байланысты өзге де қолданыстағы объектілер қолданыстағы заңнамаға сәйкес үшінші тұлғалардың қандай да бір ауыртпалықтарынсыз, талаптарынсыз уақытша өтеусіз пайдалану құқығымен Жекеше әріптеске өтеусіз негізде берілуге тиіс. Заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісін беру үшін Мемлекеттік әріптестер МЖӘ объектісін осы Шарт шеңберінде Жекеше әріптеске пайдалануға өтеусіз беру туралы заңнаманың ережелеріне сәйкес тиісті мемлекеттік органның шешімі негізінде Жекеше әріптеспен тапсыру-қабылдау актісін не Жекеше әріптеске өзге құжатты беруді уақтылы жасасуды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

41. Жекеше әріптес МЖӘ объектісіне қатысты оларды осы шартта айқындалған мақсаттар үшін пайдалану құқығын қоспағанда, қандай да бір құқықтарға ие болмайды.

42. МЖӘ жобасын іске асыруға байланысты МЖӘ объектісіне құқықтарға қатысты даулар туындаған кезде Мемлекеттік әріптестер Жекеше әріптеске шарттың қолданылу мерзімі ішінде МЖӘ объектісін иелену және пайдалану құқығы қамтамасыз етілуі үшін оларды өз есебінен реттеуге міндеттенеді.

43. МЖӘ объектісінің сипаттамасы, орналасқан жері, ауданы осы Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

44. Жекеше әріптес МЖӘ объектісіне өз құқығын үшінші тұлғаларға беруге және жер учаскесін жалға беруге құқығы жоқ.

45. Жекеше әріптес осы Шартта айқындалған МЖӘ объектісіне мердігер ұйымдарға, сондай-ақ осы Шарттың талаптарын орындау үшін өзі тартқан өзге де тұлғаларға қолжетімділік беруге құқылы.

46. Шартты тоқтату Жекеше әріптестің МЖӘ объектісіне құқығын тоқтату үшін негіз болып табылады.

47. Егер Жекеше әріптеске оның кінәсінен МЖӘ объектісін шартта белгіленген мерзімдерде МЖӘ объектісін пайдалану және пайдалану құқығы берілмеген жағдайда және осындай себеппен Жекеше әріптес МЖӘ объектісінің жаңғыртуын және пайдалануын бастай алмаған жағдайда, Жекеше әріптес МЖӘ объектісінің жаңғырту мерзімін осындай құқығын бермеу мерзіміне тең мерзімге ұзартуға құқылы.

48. Әрбір ұзартудың ұзақтығын айқындау кезінде Тараптар Шарт мерзімінің жалпы ұзақтығын қайта қарайды.

8. МЖӘ жобасын қаржыландыру, кірістерді алу шығындарын өтеу көздері

49. МЖӘ жобасын қаржыландыру көздері, құрылымы, мөлшері, мерзімдері мен шарттары осы Шартқа 4-қосымшада көрсетілген.

50. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін жаңғыртуға арналған шығыстарды осы Шартқа 1-қосымшада көрсетілген шарттарда, көлемде, нысандарда және мерзімдерде қаржыландыруға міндетті.

51. МЖӘ жобасын іске асыру кезеңінде жеке әріптес МЖӘ жобасына Шартқа №2 қосымшаға сәйкес МЖӘ объектісін жаңғыртудың (қалпына келтірудің) алдын ала құны есебінен кемінде 166 231 949 (жүз алпыс алты миллион екі жүз отыз бір мың тоғыз жүз қырық тоғыз) теңге 00 тиын (мемлекеттік бюджет есебінен өтелмейтін) инвестициялауға тиіс.

52. Жекеше әріптестің шығындарын өтеу және табыстарын алу көзі Шартқа 5-қосымшада көрсетілген көлемдегі және мерзімдердегі операциялық (пайдалану) шығындардың өтемі болып табылады.

53. Осы Шарт бойынша Жекеше әріптеске қызмет көрсетуге арналған операциялық шығындардың өтемақы 60 (алпыс) ай (2024-2028жж.) ішінде жүзеге асырылады, ол 647 554 861 (алты жүз қырық жеті миллион бес жүз елу төрт мың сегіз жүз алпыс бір) теңгені 00 тиын, оның ішінде 69 380 878 (алпыс тоғыз

миллион үш жүз сексен мың сегіз жүз жетпіс сегіз) теңге және 2-Мемлекеттік әріптес – «Арыс қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бюджет шығыстарының мынадай функционалдық сыныптамасына сәйкес жүргізеді:

Функционалдық топ – 13

Функционалды кіші топ – 9

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі – 458 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі

Бағдарлама – 096 Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау

Кіші бағдарлама – 015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

Экономикалық жіктеу ерекшелігінің құрылымы:

Кіші сынып – 810

Ерекшелігі – 813

Атауы – мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша операциялық шығындарды өтеу жөніндегі мемлекеттік міндеттемелерді орындау.

54. 2-Мемлекеттік әріптес орындалған жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер актісі бекітілген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде көрсетілген (орындалған жұмыстар) көрсетілетін қызметтер актісі негізінде 60 ай ішінде осы Шартқа 5-қосымшада келтірілген кестеге сәйкес операциялық шығындардың өтемақысын Жекеше әріптеске төлейді.

55. Осы Шарттың 53-тармағындағы ОШӨ құны тіркелген болып табылмайды және осы Шарттың 71, 72, 73 және 74-тармақтарына сәйкес қосымша жұмыстарды орындау кезінде және «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес шарттың мерзімі ұзартылған жағдайда мөлшерлес өзгеруі мүмкін.

56. Егер орындалған жұмыстар актісін қабылдау кезінде Жекеше әріптестің операциялық шығындарының құны осы Шартта көзделген жоспарланған құннан төмен болған жағдайда, онда төлеуге жататын ОШӨ мөлшері және мемлекет қабылдайтын міндеттеме орындалған жұмыстар актісіне сәйкес нақты орындалған жұмыстар көлемінің құнына сәйкес төмендетіледі.

57. Егер Жекеше әріптестің операциялық шығындарының құны осы Шартта көзделген жоспарланған құннан жоғары болған жағдайда, онда төлеуге жататын ОШӨ мөлшері өзгеріссіз қалады.

58. Шарт бойынша қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған кірістер Жекеше әріптестің меншігі болып табылады.

59. Жобада валюталық тәуекелдер туындаған жағдайда өтемақы төлеу көзделмейді.

60.Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнаманың талаптарына, халықаралық немесе ұлттық стандарттарға және қаржылық есептілікке және бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарына сәйкес

бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау үшін олардың қажеттіліктері мен қызмет ерекшеліктеріне сүйене отырып, Жекеше әріптесесеп саясатын қабылдауға міндетті.

61. Жекеше әріптес бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың, есеп саясатының сақталуын, активтерді сақтау, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде ұрлық пен қателік жағдайларын болдырмау және анықтау жөніндегі шараларды қоса алғанда, операцияларды тиімді жүргізуді қамтамасыз ету үшін құрамына мемлекеттік әріптестердің өкілдері енгізілуі мүмкін ішкі бақылау қызметін ұйымдастыруға құқылы.

9. МЖӘ жобасын басқаруды ұйымдастыру

62. МЖӘ жобасын басқарудың институционалдық схемасы осы Шартқа 7-қосымшада көрсетілген.

63. Пайдалану кезеңі Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін оның функционалдық мақсатына сәйкес пайдалануын қамтиды.

64. МЖӘ объектісінің теңгерім ұстаушысы 2-Мемлекеттік әріптес атынан Арыс қаласының әкімдігі болып табылады.

65. МЖӘ жобасын пайдалану сатысында көрсетілетін қызметтердің саны мен сапасын бақылауды Мемлекеттік әріптестермен және уәкілетті мемлекеттік органдар МЖӘ саласындағы халықаралық сертификатталған мамандар жасаған мониторингтік есептер негізінде жүзеге асырады.

66. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісін жаңғырту мен пайдалануды бақылайтын немесе оған әсер ететін Мемлекеттік органдардың сертификаттары мен мақұлдауларын қоса алғанда, МЖӘ объектісін жаңғырту және пайдалану үшін талап етілуі мүмкін барлық Рұқсаттарды алуға, күшінде ұстауға және ұзартуға міндетті.

67. Жекеше әріптес Рұқсаттарды беру және алу туралы өтініштерді даярлаумен байланысты барлық шығыстарды (баждар мен салықтарды қоса алғанда) өтеуі тиіс.

68. 2-Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске өзінің Рұқсаттарды беру үшін қажетті құзыреті шегінде көмек көрсетеді. Бұл тармақ 2-Мемлекеттік әріптестің Жекеше әріптес үшін қандай да бір Рұқсат алуына міндеттемесін белгілемейді.

69. МЖӘ объектісін пайдалануды Жекеше әріптес 60 (алпыс) ай ішінде жүзеге асырады.

70. Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін басқару бойынша, оның ішінде персоналды басқаруды, тәуекелдерді басқаруды, сапаны басқаруды, қаржыларды басқаруды, ресурстарды басқаруды қамтитын бағдарламасы болуы тиіс.

71. Мемлекеттік әріптестер Жекеше әріптеске осы Шартта және МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасында көрсетілмеген, бірақ туындаған күтпеген жағдайларға байланысты талап етілетін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қосымша көлемін орындауды тапсыруға құқылы.

72. Жекеше әріптес 10 (он) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде осы Шарттың 71-тармағында көрсетілген жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді

орындауға арналған қосымша шығыстар құнының негізделген есебін ұсынады. Бұл ретте 2-Мемлекеттік әріптес тиісті құжаттарды алған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен аспайтын қысқа мерзімде Жекеше әріптеске олардың бекітілгені немесе бас тартылғаны туралы хабарлауға міндеттенеді. Қосымша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құны жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің негізгі көлемінің 5 (бес) пайызынан аспаған жағдайда, Жекеше әріптес осы Шарт шеңберінде қызметтер көрсетуді өз қаражаты есебінен қамтамасыз етуге міндеттенеді.

73. Осы МЖӘ жобасын әзірлеу кезінде жіберілген қателіктер немесе олқылықтар салдарынан туындамаған және Жекеше әріптес үшін қосымша шығындарға әкеп соғатын осы Шарттың 71-тармағында көрсетілген жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің негізгі көлемінің 5 (бес) пайызынан асатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қосымша көлеміне арналған шығыстарды 2-Мемлекеттік әріптес көтереді. Мұндай шығыстарды төлеу шарттары мен мерзімдері Тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, бірыңғай траншпен және/немесе Тараптар белгілеген кестеге сәйкес Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу жолымен төленеді.

74. Жекеше әріптес Шарттың 73-тармағында белгіленген шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар күшіне енгеннен кейін қосымша жұмыстарды немесе қызметтерді орындауға кіріседі.

75. Жекеше әріптес жұмыс орнындағы қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормаларға сәйкес қауіпсіздік жөніндегі жауапты қызметкерді тағайындау және оның функцияларын орындау бойынша жауапты болады.

10. МЖӘ объектісіне меншік құқықтары және оларды беру тәртібі

76. МЖӘ жобасын іске асыру кезеңінде және іске асыру мерзімі аяқталғаннан кейін МЖӘ объектісіне меншік құқығы баланс ұстаушыға, 2-Мемлекеттік әріптес тұлғасында Арыс қаласының әкімдігіне тиесілі.

77. МЖӘ объектісі Жекеше әріптес Шартпен және заңнамамен көзделген МЖӘ объектісін жаңғырту (қалпына келтіру) жөніндегі өз міндеттемелерін орындаған кезде, объект Шартқа 1-қосымшада көрсетілген сипаттамаларға сәйкес келген кезде жаңғыртылған болып есептеледі.

78. МЖӘ объектісін жаңғыртудың жекелеген кезеңдерінің пайдалануға қабылданған күні жаңғыртудың нормативтік ұзақтығы ескеріле отырып белгіленеді және МЖӘ объектісінің осы бөліктерін одан әрі мемлекеттік меншікке беру объект пайдалануға берілгеннен кейін жүзеге асырылады. МЖӘ объектісін пайдалануға қабылдау актісін бекіту күні объектіні пайдалануға беру күні болып табылады.

79. Жекеше әріптес МЖӘ объектісіне сервистік қызмет көрсету кезінде және оны 2-Мемлекеттік әріптеске беру кезінде 2-Мемлекеттік әріптеспен қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қызметтерді тұтынушылар үшін артық, кідіріс немесе қолайсыздықты болдырмау үшін толық көлемде ынтымақтасуға міндетті.

80. Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін жаңғырту және пайдалану жөніндегі құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ Шарт бойынша берілетін мүлікті ұстау ауыртпалығы МЖӘ объектісін 2-Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында қабылдау-беру актісіне қол қойылған сәттен бастап туындайды.

81. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін жаңғыртудың жекелеген кезеңдері аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Мемлекеттік әріптестерге МЖӘ объектісін жаңғырту жөніндегі жұмыстарды аяқтау және оның МЖӘ объектісін пайдалануға беруге дайындығы туралы еркін нысандағы жазбаша өтініш жібереді. МЖӘ объектісінің жекелеген кезеңдерін пайдалануға беру заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

82. МЖӘ объектісін мемлекеттік меншікке қабылдауды Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы № 713 бұйрығымен бекітілген МЖӘ объектілерін мемлекеттік меншікке қабылдау қағидаларында белгіленген тәртіппен Мемлекеттік әріптес пайдалануға берілген сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүзеге асырады.

83. 2-Мемлекеттік әріптес өз есебінен және өз күшімен МЖӘ объектісін коммуналдық меншікке қабылдауды және заңдарға сәйкес объектіге өз құқықтарын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады.

84. Тараптар МЖӘ объектісін коммуналдық меншікке тапсырғаннан кейін Жекеше әріптестің өтініші келіп түскен күннен 15 (он бес) күнтізбелік күннен көп емес мерзімде, қандай күн ертерек келетіндігіне байланысты Шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін немесе Шартты бұзу күніне дейін Шарт бойынша құқықтарды іске асыру және міндеттемелерді орындау үшін МЖӘ объектісін Жекеше әріптестің иеленуіне және пайдалануына қабылдау-тапсыру актісін рәсімдейді.

85. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 1 (бір) ай бұрын, ал ол мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда және осы Шартта көзделген өзге де жағдайларда Жекеше әріптес 2-Мемлекеттік әріптеске жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді және барлық қажетті құжаттаманы қоса алғанда, МЖӘ объектісін беру жоспарын дайындайды.

86. 2-Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісін Жекеше әріптесінен алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде беру жоспарын тексеруге және бекітуге тиіс.

87. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін, оны мерзімінен бұрын бұзған және Үлгілік шартта қарастырылған өзге де жағдайларда 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде:

- *барлық жылдағы барлық сызбаларды, тексерулердің нәтижелерін және құжаттарды;*
- *МЖӘ объектісіне қызмет көрсету бойынша операциялық және техникалық құжаттаманы;*
- *жабдықтарға, материалдарға және жұмыстарға қатысты өндірушінің кепілдіктерін;*
- *барлық автоматтандырылған және автоматтандырылмаған жазбаларды, есептерді, деректерді, құжаттарды және ақпаратты;*

- *МЖӘ объектісімен байланысты шарттар бойынша барлық құқықтарды және Жекеше әріптесті сақтандыру шарттарын;*
- *Жекеше әріптеске немесе оның шотына төлеуге жататын, бірақ осындай күнге төленбеген сақтандыру өтемі сомаларына қатысты барлық құқықтарды өтеусіз тапсыруы тиіс.*

88. 2-Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісін шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күнге дейін күнтізбелік 1 (бір) ай бұрын тексеруге тиіс.

89. МЖӘ объектісін қарау кезінде берілетін МЖӘ объектісінде ақаулар анықталған жағдайда 2-Мемлекеттік әріптес оны жою үшін анықталған Ақау туралы Жекеше әріптесті хабардар етеді. Жекеше әріптес Ақауларды жойғаннан кейін, қорытынды тексеруге сүйене отырып, 2-Мемлекеттік әріптес қабылдау-тапсыру актісін беруі керек.

90. Берілген күннен бастап Жекеше әріптесМЖӘ объектісін иелену және пайдалану құқығынан айырылады.

11. МЖӘ объектісін жаңғыртуды ұйымдастыру.

91. МЖӘ объектісін жаңғырту 4.04-04-2019 «Қалаларды, кенттерді және ауылдық елді мекендерді сыртқы электр жарығы» Қазақстан Республикасының құрылыс нормаларын сақтай отырып, сондай-ақ Заңнаманың белгіленген нормалары мен талаптары Мемлекеттік әріптестер Шартқа сәйкес және осы шартта айқындалған іс-шараларға сәйкес алдын ала талаптарды орындаған кезден бастап 12 (он екі) ай ішінде жүзеге асырады.

92. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін заңнамаға және Шартқа сәйкес жаңғыртуды (қалпына келтіруді) жүзеге асырады. МЖӘ объектісін жаңғырту деп Шартқа 1-қосымшада белгіленген параметрлер мен талаптарға сәйкес келетін МЖӘ объектісін жаңғырту үшін қажетті барлық іс-әрекеттер, іс-шаралар, рәсімдер, жұмыстар мен қызметтер түсініледі.

93. МЖӘ объектісін жаңғырту Жекеше әріптестің меншікті қаражаты есебінен не Жекеше әріптес тартатын қаражат есебінен және оның жабдықтарын, материалдарын, құралдары мен ресурстарын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

94. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін жаңғырту жөніндегі жұмыстардың сапасына, оның ішінде жаңғырту кезінде пайдаланылған материалдардың, бұйымдар мен жабдықтардың техникалық сипаттамалар мен нормативтерге сәйкестігіне жауапты болады.

95. Жекеше әріптес осы шартта айқындалған талаптарға сәйкес МЖӘ объектісін жаңғырту жөніндегі жұмыстарды орындауға кез келген үшінші тұлғаларды тартуға құқылы.

96. 2-Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске өз құзыреті шегінде МЖӘ объектісін жаңғырту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, орындау және аяқтау үшін қажетті рұқсаттарды немесе өзге де құжаттарды уақтылы алуға жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

97. МЖӘ объектісін жаңғырту мерзімі МЖӘ жобасын іске асыру кестесімен айқындалады және Шартқа 3-қосымшада баяндалған.

98. Жұмыстардың аяқталу күні, сондай-ақ МЖӘ объектісін жаңғырту жөніндегі МЖӘ жобасын іске асыру мерзімі, егер мұндай ұзарту 2-Мемлекеттік әріптестің шарттың 29-тармағында көзделген Алдын ала шартты орындамауынан немесе уақтылы орындамауынан туындаса немесе егер бұл қолданыстағы заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісін жаңғырту үшін жұмыс жүргізуге қажет болса, Жекеше әріптеске рұқсат (өзге де осыған ұқсас құжат) бермеуден туындаса,ұзартылуы мүмкін..

99. Егер мұндай ұзарту Жекеше әріптестің кінәсінен туындамаса, Жекеше әріптес МЖӘ объектісін жаңғырту мерзімін ұзартуға жауапты болмайды. Жекеше әріптес егер мұндай ұзарту Жекеше әріптес кінәсінен туындамаса, Мемлекеттік әріптеске-2 айыппұл санкциясын және МЖӘ объектісін жаңғырту мерзімін ұзартқаны үшін кез келген өзге төлемдерді төлемейді.

100. Мемлекеттік әріптестер Жекеше әріптеске МЖӘ объектісін жаңғыртуға және/немесе осы Шартта көзделмеген және шартта көрсетілмеген, бірақ туындаған күтпеген жағдайларға байланысты талап етілетін объектілерді жаңғыртуға байланысты қосымша жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді орындауды тапсыруға құқылы.

101. Жекеше әріптес тараптардың келісімі бойынша айқындалған мерзімде 2-Мемлекеттік әріптес қосымша жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді орындау қажеттілігі туралы шешім қабылдау қорытындылары бойынша осындай жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді орындауға арналған шығыстардың сметасын, сондай-ақ оларды орындау кестесін ұсынады. Бұл ретте 2-Мемлекеттік әріптес қосымша жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді орындауға арналған шығыстардың сметасын, сондай-ақ оларды орындау кестесін бекіту туралы не тиісті құжаттарды алған сәттен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күннен аспайтын мерзімдерде бас тарту туралы Жекеше әріптесті хабардар етеді.

102. Осы Шарттың 100-тармағында көрсетілген, Жекеше әріптестің қателіктері немесе олқылықтары салдарынан туындамаған және Жекеше әріптес үшін қосымша шығындарға әкеп соғатын қосымша жұмыстарға арналған шығыстарды 2-Мемлекеттік әріптес көтереді. Мұндай шығыстарды төлеу шарттары мен мерзімдері тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу жолымен бірыңғай траншпен төленеді.

103. Жекеше әріптес Шарттың 102-тармағында белгіленген шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар күшіне енгеннен кейін қосымша жұмыстарды немесе қызметтерді орындауға кіріседі.

104. Жекеше әріптес жұмыс орнындағы қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша заңнама талаптарының орындалуын қамтамасыз ететін жауапты лауазымды адамды тағайындайды.

105. Қолданыстағы шамдарды, кәбілдер мен тіректерді бастапқы ауыстыру кезінде ауыстырылған материалдар оларды ауыстыру немесе объектіні пайдалануға беру сәтінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жекеше әріптес 2-Мемлекеттік әріптеске қабылдау-беру актісі бойынша беруге жатады.

106. МЖӘ жобасының құнының 10 (он) пайызы шегінде жұмыстар мен қызметтердің кездейсоқ қымбаттау тәуекелін Жекеше әріптес көтереді. Жұмыстар мен қызметтердің қымбаттауы 10 (он) пайыздан асқан жағдайда, Тараптар Шарттың сомасын және шартта көзделген өзге де төлемдерді қайта қарауға құқылы.

107. Мемлекеттік міндеттемелер көлемін ұлғайту МЖӘ жобасын қаржыландыру көлемін ұлғайту қажет болған жағдайларда, егер ұлғайту объективті, Жекеше әріптеске тәуелсіз мән-жайлардың, оның ішінде (форс-мажорлық мән-жайлардың, инфляцияның, дағдарыстың, салық саясатының, кеден заңнамасының өзгеруінің, валюталық тәуекелдің, эмбаргоның, құрылыстағы және басқалардағы бағаны өзгерту және т. б.) сметалық есептеулерде ескерілмеген МЖӘ объектісін жаңғырту құнына байланысты болса, Қазақстан Республикасы бюджет заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады

108. Шартқа сәйкес Жекеше әріптес мынадай себептердің кез келгені салдарынан МЖӘ объектісін жаңғырту және пайдалану мерзімін ұзартуға құқылы: Мемлекеттік әріптестер бастамашылық еткен Шартта көзделмеген қосымша жұмыстар туындаған кезде, МЖӘ объектісін шартта белгіленген мерзімдерде ұсынбауды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, Мемлекеттік әріптестердің әрекеттерінен туындаған кідіріс, тоқтата тұру немесе кедергі жасау, шартқа түзетулер енгізу арқылы.

109. Жоспарлы аяқталу күні кешіктірілген жағдайда Мемлекеттік әріптестер жаңғырту жұмыстарын аяқтау үшін қосымша 3 (үш) ай беруге құқылы.

110. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалануға беру актісін жасай отырып, шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен объектіні пайдалануға береді.

111. МЖӘ объектісін пайдалануға беру актісінде:

1) актінің жасалған орны мен күні;

2) өкілдері тараптардың мүдделерін білдіруге уәкілеттік берілген құжаттардың атауы мен деректемелері;

3) МЖӘ объектісін пайдалануға беру жүргізілетін шартқа қол қойылған нөмірі мен күні;

4) жабдықтардың, материалдар мен мүкәммалдың тізбесін және өзге де деректерді көрсете отырып, МЖӘ объектісінің атауы, оның орналасқан жері көрсетіледі.

112. МЖӘ объектісін пайдалануға беру актісіне тараптардың өкілдері қол қояды және мөрлермен куәландырылады.

113. Жекеше әріптес жаңғырту жөніндегі міндеттемелерді жаңғырту басталған күннен бастап 3 (үш) ай өткен соң бұзған жағдайда, Тараптар жаңғырту жөніндегі орындалмаған міндеттемелерді қалай орындау керектігін шешу мақсатында кездесу өткізуге міндеттенеді.

114. Егер Тараптар жаңғырту жұмыстары басталған күннен бастап 3 (алты) ай өткенге дейін келісімге келе алмаса:

1) Жекеше әріптестің кінәсінен Жаңғырту міндеттемелері орындалмаған жағдайда:

– Мемлекеттік әріптестер, егер осындай кезең ішінде Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестерге орындалмаған шарттардың орындалғаны туралы хабардар еткен және Мемлекеттік әріптес бұған көз жеткізген жағдайды қоспағанда, Жекеше әріптеске бұзу күніне дейін күнтізбелік отыз (30) күн бұрын хабарлама жіберу арқылы осы Шартты сот тәртібімен бұзуға құқылы; бұл жағдайда осы Шарт бұзылмайды;

– осы тармақшаға сәйкес бұзылған жағдайда 2-Мемлекеттік әріптес Алғашқы кепілдік бойынша талаптарды толық көлемде қояды;

– осы тармақшаға сәйкес бұзылған жағдайда, 2-Мемлекеттік әріптес бұзылған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде Жекеше әріптеске МЖӘ объектісін жаңғырту бойынша Жекеше әріптес жүргізген және орындалған жұмыстар актісімен расталған күрделі шығындар сомасының 100% (жүз пайыз) мөлшерінс тең өтемақы және соманы төлеуге міндеттенеді.

2) Мемлекеттік әріптестердің кінәсінен Жаңғырту міндеттемелері орындалмаған жағдайда:

– Жекеше әріптес орындалмаған шарттарды орындау үшін Мемлекеттік әріптеске қосымша 1 (бір) ай беруге құқылы. Егер Тараптар жаңғырту жөніндегі жұмыстар басталған күннен бастап 1 (бір) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса;

Егер Мемлекеттік әріптес Мемлекеттік әріптеске тоқтату күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабарлама жіберу арқылы шартты бұзады, бұған осындай кезең ішінде орындалмаған шарттардың орындалғанын Жекеше әріптеске хабарлаған және Жекеше әріптесбұған көз жеткізген жағдай қосылмайды,. Соңғы жағдайда МЖӘ Шарты бұзылмайды;

– 2-Мемлекеттік әріптес бұзылған жағдайда және осы тармақшаға сәйкес бұзылған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде Жекеше әріптеске МЖӘ объектісін салу бойынша Жекеше әріптесжүргізген және жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес орындалған жұмыстар актісімен расталған, сондай-ақ келтірілген күрделі шығындар, сондай ақ Жекеше әріптеске залалдарды және (немесе) жоғалған пайданы және (немесе) тұрақсыздық айыбы сомасының 100%-на тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

3) егер қандай да бір шарт еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларына байланысты орындалмаса:

– кез келген Тарап ол бұзылған күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын екінші Тарапқа хабарлама жіберу арқылы Шартты бұза алады;

– 2-Мемлекеттік әріптес осы тармақшаға сәйкес бұзылған жағдайда, бұзылған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде Жекеше әріптеске МЖӘ объектісін жаңғырту бойынша Жекеше әріптес жүргізген және орындалған жұмыстар актісімен расталған күрделі шығындар сомасының 100%-на тең сомада өтемақы төлеуге, сондай-ақ жекеше әріптес шеккен залалдар және (немесе) жоғалған пайда және (немесе) тұрақсыздық айыбы және бірінші кепілдіктердің сомасын толық көлемде қайтаруға міндеттенеді.

115. Жекеше әріптес осы Шартта Мемлекеттік әріптестер көздеген міндеттемелер бұзылған жағдайда қосымша келісім жасасу арқылы шарттың қолданылу мерзімін тиісінше ұзарта отырып, МЖӘ объектісін жаңғырту мерзімін ұзартуға бастамашылық жасайды.

116. Тараптар оны Тараптардың бірі алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде қосымша келісімді келіседі және оған қол қояды.

117. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін техникалық күтіп-ұстауға, оларға берілген материалдар мен жабдықтардың тиісінше сапасыздығына, сондай-ақ үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынған материалдар мен жабдықтарды беруге жауапты болады.

118. Археологиялық олжалар табылған жағдайда Жекеше әріптес:

1) 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде 2-Мемлекеттік әріптеске осындайлардың табылғаны туралы хабарлауға;

2) табылған Археологиялық олжалардың бүлінуін немесе зақымдалуын болдырмау үшін сақтық шараларын қабылдауға;

3) МЖӘ объектісін жаңғырту кезінде денсаулықты қорғау және қауіпсіздік бойынша кез келген шараларды және учаскеде қауіпсіздік бойынша кез келген нұсқаулықтарды қамтуы тиіс барлық тиісті қауіпсіздік шараларын сақтау кезінде, табылған объектілерді меншікті қаражаттарының есебінен алып шығуға және шығаруға;

4) табылған объектілерді сақтауға, кез келген әрекеттерді жасауға және қолданылатын процедураларды жүргізуге қатысты заңнаманың барлық талаптарын сақтауға міндеттенеді.

119. 2-Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен Археологиялық олжа туралы хабарламаны алғаннан кейін 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде құрылысты тоқтату туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы Жекеше әріптесті және тиісті Уәкілетті органды хабардар етеді.

120. Археологиялық олжалардың себебі бойынша жұмыстардың тоқтатылуы форс-мажорлық жағдаяттар болып есептеледі.

121. Жаңғырту жұмыстары 2-Мемлекеттік әріптестің шешімінің негізінде 30 (отыз) күнтізбелік күннен көп емес мерзімге тоқтатылады.

122. Жер учаскесінде табылған Археологиялық олжалар заңнамаға сәйкес мемлекеттің меншігіне беріледі.

123. Қауіпті қалдықтарды көму анықталған жағдайда, Жекеше әріптесжер учаскесінде қауіпті қалдықтарды көмуге қатысты заңнаманың ережелерін сақтауға міндеттенеді.

124. Жекеше әріптес Қауіпті қалдықтардың көмулерін тапқан жағдайда жаңғырту жұмыстары 2-Мемлекеттік әріптестің шешімінің негізінде 30 (отыз) күнтізбелік күннен көп емес мерзімге тоқтатылады.

125. Егер тиісті Уәкілетті органның зерттеу нәтижесі жаңғырту жұмыстарының тоқтатылуының ұзартылу қажеттілігін көрсеткен жағдайда, онда осындай ұзартылу орын алады және шарт тиісті кезеңге ұзартылады.

126. МЖӘ объектісінің жаңғыртудың болжамды аяқталған күнге дейін бір айдан кешіктірмей Жекеше әріптесбұл туралы Мемлекеттік әріптесті жазбаша хабардар етуге міндетті.

127. Жекеше әріптесМЖӘ объектісінің жаңғыртылуы аяқталған және пайдалануға берілген кезде 2-Мемлекеттік әріптеске бекітілген жобалау құжаттамасына сәйкес оның тиісінше орындалғанын растайтын МЖӘ объектісінің құрылыс нысанасының сипатына сәйкес құжаттарды дайындап, ұсынуы тиіс:

– іс жүзінде жүргізілген жұмыстардың құжаттамасы;

– өткізілген сынақтардың құжаттары мен сертификаттары және қажетті өлшеулердің нәтижелері;

– жұмыс бөлігі болып табылатын машиналар мен жабдықтардың тізімі, олардың төлқұжаттары, кепілдік міндеттемелері, пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтар орыс тілінде;

– ережелер мен техникалық стандарттарда қарастырылған басқа құжаттар.

12. МЖӘ объектісін пайдалану

128. МЖӘ объектісін пайдалану МЖӘ объектісіне кешенді қызмет көрсету, ұстау және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша Жекеше әріптес орындайтын барлық іс-әрекеттер, іс-шаралар, жұмыстар мен қызметтер, оның ішінде МЖӘ объектісінің электр энергиясын тұтынғаны үшін көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу болып табылады.

129. Жекеше әріптес Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Түркістан облысының Арыс қаласының көшелерді жарықтандыру жүйелерін жаңғырту және оларға қызмет көрсету жөніндегі МЖӘ объектісін пайдаланады. МЖӘ объектісі операциялық шығындарды өтеу және пайда алу мүмкіндігімен мүлікті қабылдау-беру актісіне (түгендеу тізімдемесін қоса бере отырып) қол қойылған сәттен бастап шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күнге дейін пайдалануға беріледі.

130. МЖӘ жобасын іске асыру үшін Жекеше әріптеске Түркістан облысы Арыс қаласының қолданыстағы және жаңғыртылған жарықтандыру жүйелерінің желілері пайдалануға беріледі. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісінің қауіпсіздігі мен пайдалану сапасын қамтамасыз етуге міндетті.

131. МЖӘ объектісі Жекеше әріптеске 60 (алпыс) ай мерзімге пайдалануға беріледі.

132. Пайдалану кезеңінде көрсетілген мүліктің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну тәуекелдерін қоспағанда, МЖӘ объектісін және өзге де берілген мүлікті және/немесе оның бір бөлігін ұстау ауыртпалығы Тараптардың уәкілетті тұлғалары қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған сәттен бастап жеке әріптеске жүктеледі.

133. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалану кезінде өз қаражаты есебінен және осы Шартты іске асыру шеңберінде 2-Мемлекеттік әріптес жүзеге асыратын операциялық шығындардың өтемақысы есебінен:

1) МЖӘ объектісінің техникалық мазмұны мен сақталуын қамтамасыз етеді;

2) жөндеу, сондай-ақ түпкілікті тозғанға дейін ауыстыру қажет болған кезде, егер осы Шартта өзгеше көзделмесе, Жекеше әріптес өз қаражаты есебінен жөндеу не ауыстыруды жүргізеді;

3) шарт жасалған сәттен бастап 2-Мемлекеттік әріптес жылына кемінде 1 (бір) рет, қажеттілігіне қарай өзіне берген мүлікті тұрақты профилактикалық қарап-тексеруді, ағымдағы жөндеу жүргізуді қамтамасыз етеді;

4) белгіленген регламент пен нормативтерге сәйкес Арыс қаласының бекітілген аумақтарын көше (сыртқы) жарықтандырумен толық жарықтандыруды қамтамасыз етеді;

5) сыртқы жарықтандыру жүйелерін, жабдықтарды, техниканы олардың қызмет ету мерзіміне сәйкес уақтылы жаңартуды қамтамасыз етеді;

6) мүлікті пайдалануға байланысты барлық төлемдерді, оның ішінде МЖӘ объектісінің электр энергиясын тұтынғаны үшін төлемдерді жүргізеді;

7) заңнамада белгіленген өрт, санитарлық және өзге де нормалардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

134. Жекеше әріптес өзіне пайдалануға берілген мүлікті өзінің басқа мүлкінен бөліп алады және ол бойынша дербес есеп жүргізеді.

135. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін иеліктен шығаруға, кепілге беруге, нысаналы мақсатын өзгертуге, 2-Мемлекеттік әріптеске хабарламай мүлікке қандай да бір өзгерістер енгізуге (ағымдағы жөндеуден басқа) құқылы емес.

136. Жекеше әріптес 2-Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігін немесе келесі өлшемшарттарға сәйкес келетін ақшалай қаражатты ұсынады:

1) Кепілдік құрылыс кепілдігі аяқталған күннен бастап қабылдау актісіне сәйкес МЖӘ объектісі құнының 0,1% мөлшерінде беріледі;

2) кепілдік Шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап кері қайтарылады;

3) кепілдік 2-Мемлекеттік әріптеске көрсетілетін қызметтер сапасының индикаторларын және Шартқа 8-қосымшада көрсетілген толық пайдалану әзірлігінің өлшемшарттарын Жекеше әріптес бұзған жағдайда осы пайдалану кепілдігі бойынша талаптар қоюға мүмкіндік береді;

4) кепілдік Шартқа 9-қосымшада көрсетілген нысан бойынша ресімделеді.

137. 2-Мемлекеттік әріптес бірінші кепілдік бойынша ақша қаражаты болған жағдайда, бұл сома шарттың талаптарына сәйкес пайдалану кепілдігі ретінде ауысады.

138. МЖӘ объектісінің сапалы пайдалану өлшемшарттары:

1) жабдықтың істен шығуына дейін қоюдың жоғары жылдамдығын қамтамасыз ету;

2) қосалқы және қызмет көрсету мақсатындағы объектілердің әзірлігін қамтамасыз ету;

3) қызметтерді үздіксіз және қауіпсіз ұсынуды қамтамасыз ету;

4) МЖӘ объектісінің құрылғыларының жұмысын қамтамасыз ету және техникалық құралдарын жөндеу.

139. МЖӘ объектісінің толық пайдалану дайындығының өлшемшарттары:

1) МЖӘ объектісінің қолжетімділігі және тиісті техникалық және пайдалану жағдайы;

2) штат кестесіне сәйкес кәсіби кадр персоналының болуы;

3) техникалық регламент талаптарын сақтау;

4) Электр энергетикасы объектілерін жөндеу мен күтіп-ұстаудың техникалық қағидаларына сәйкес МЖӘ объектісін күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды уақтылы орындау;

5) қажет болған жағдайда ағымдағы жөндеуді уақтылы орындау;

6) жабдықтың қызмет ету мерзіміне сәйкес оларды уақтылы жаңарту;

7) жабдықтың тұрақты жұмыс және жарамды жай-күйі.

140. Жекеше әріптес МЖӘ шартына және заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісінің тәулігіне 24 сағат, жылдың әр күні ішінде толық пайдалануға дайындығы үшін жауапты болады.

141. Жекеше әріптес МЖӘ шартының елеулі талаптарын бұзған жағдайда Жекеше әріптес кінәсінен қызметтер көрсету басталған күннен бастап:

1) Мемлекеттік әріптестер Жекеше әріптеске бұзу күніне дейін 60 (алпыс) жұмыс күні бұрын хабарлама жіберіп МЖӘ шартын бұзады, бұған егер осындай кезең ішінде Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестерге бұзылған Елеулі шарттардың жойылғанын хабарлаған және Мемлекеттік әріптестерге бұған көз жеткізген жағдайды қосылмайды; бұл жағдайда осы Шарт бұзылмайды.

2). осы тармақшаға сәйкес бұзылған жағдайда 2-Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің барлық сомасы төленеді;

3). 2-Мемлекеттік әріптес осы тармаққа сәйкес бұзылған жағдайда, бұзылған күннен бастап күнтізбелік 30 (тоқсан) күн ішінде Жекеше әріптеске, ОШӨ қалдығын және осы Шарттың талаптарын орындау кезінде нақты жұмсалған шығыстарын төлеуге міндеттенеді.

142. Мемлекеттік әріптестің кінәсі бойынша, Жекеше әріптес Қызметтерді көрсету күнінен бастап шарттың айрықша талаптарын бұзған жағдайда:

1) Жекеше әріптеске Мемлекеттік әріптестерге Бұзу күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Шартты бұзады:

2)осы тармаққа сәйкес бұзған жағдайда 2-Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Пайдалану кепілдігін толық көлемде қайтарады;

3) осы тармаққа сәйкес бұзған жағдайда, 2-Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күнінен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күн ішінде, Жекеше әріптес алған сақтандыру төлемдерін шегергендегі, Жекеше әріптес салған капиталдың ішкі мөлшерлемесін қамтамасыз ететін пайда сомасын қоса алғанда, Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарынан 100%-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

143. Егер қандай да бір талап сңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен, сондай-ақ жергілікті атқарушы және бақылаушы органдардың қолайсыз әрекеттерімен байланысты орындалмаса:

1) кез келген Тарап Бұзу күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын өзге Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

2) осы тармаққа сәйкес бұзған жағдайда 2-Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Пайдалану кепілдігін толық көлемде қайтарады;

3) осы тармаққа сәйкес бұзған жағдайда, 2-Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күнінен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күн ішінде, Жекеше әріптес алған сақтандыру төлемдерін шегергендегі, Жекеше әріптес салған капиталдың ішкі мөлшерлемесін қамтамасыз ететін пайда сомасын қоса алғанда, Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарынан 100%-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

144. Жекеше әріптестің инвестициядан кейінгі кезеңде қабылдаған міндеттемелерін орындауын бағалау өлшемшарттарына мыналар жатады:

- *көше (сыртқы) жарықтандыру жүйелерін жаңғыртуды жүзеге асыру, сондай-ақ Арыс қаласының қоршаған ортасының ластануын болдырмауға, кез келген нысанда экологиялық залал келтіруге жол бермеуге бағытталған реттеу арқылы қалалық ортаны абаттандырудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету;*
- *қаланың қоғамдық орындарында адам өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы, жайлы және қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз ету;*
- *көше (сыртқы) жарықтандыру жүйелерін жаңғырту және оларға қызмет көрсету мәселелерін шешуде жұртшылықтың пікірін есепке алу;*
- *іске асырылып жатқан МЖӘ жобасына тиімді мониторинг пен бақылауға қол жеткізу;*
- *көше жарықтандыру жүйелеріне сервистік қызмет көрсету кезінде жұмыстар мен қызметтерді орындау сапасын жақсарту;*
- *МЖӘ объектісін күнделікті профилактикалық тексеру;*
- *шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді мүлтіксіз орындау;*
- *жобаның барлық міндеттерін, мақсаттарын және осы Шарттың талаптарын орындау;*
- *Мемлекеттік әріптес тарапынан ескертулердің болмауы.*

145. Жекеше әріптес жоғарыда аталған бағалау өлшемшарттарын бұзған жағдайда, осы Шартқа 8-қосымшаға сәйкес 2-Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске есептейтін ақаулы ұпайлар-айыпұл ұпайлары есептеледі.

146. Өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау, жұмысты ұйымдастырудың экологиялық, санитарлық-гигиеналық ережелерін бұзғаны үшін Жекеше әріптес ҚР заңнамасына сәйкес жауапты болады.

147. Жекеше әріптес МЖӘ объектісінің бейініне сәйкес МЖӘ объектісін пайдаланады.

13.Салық салу

148. Жекеше әріптес Шарт бойынша қызметінің аясында МЖӘ жобасы бойынша салық заңнамасымен реттелетін салықтық міндеттемелерді атқарады.

149. Шарт аясында жүзеге асырылатын қызмет бойынша бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу, оларды төлеу бойынша міндеттемелердің туындаған сәтіне, қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

150. Шарт аясында жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтық міндеттемелерді орындау Жекеше әріптесті Шарт аясынан тыс қызметті жүзеге асыру бойынша салықтық міндеттемелердің туындаған күніне қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес салықтық міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

14. Тұрақсыздық

151. Егер Шарттың тиісті тармақтарында өзгеше ескертілмесе, Шартқа сәйкес есептелген тұрақсыздық Тараптармен міндеттемелерді орындаудың мерзімін өткізудің әрбір күні үшін МЖӘ объектісінің Құнынан 0,001 % мөлшерінде төленеді.

15. Жергілікті қамту

152. Кадрлардағы жергілікті қамту мыналарды құрауы керек:

- бірінші санат - басқарушы құрам – 100%;
- екінші санат – жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандар – 100%;
- санат – білікті жұмысшылар – 100%.

153. Жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) және тауарлардағы жергілікті қамту:

- Жекеше әріптес сатып алатын (сатып алатын) жұмыстарда (көрсетілетін қызметтерде) – 80%;
- Жекеше әріптес сатып алатын (сатып алатын) тауарларда – 80%.

154. Жекеше әріптес Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі №260 бұйрығымен бекітілген «Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамту ұйымдарының есептеудің бірыңғай әдістемесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес сатып алынатын (сатып алынатын) жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі), тауарлардағы жергілікті қамту бойынша мәліметтерді ұсынады.

16. Мемлекеттік әріптестің құқықтары мен міндеттері

155. Мемлекеттік әріптестер:

1) МЖӘ шартының талаптары туралы Жекеше әріптеспен келіссөздер жүргізу;

2) Жекеше әріптес ұсынатын мониторингтік есептер негізінде Жекеше әріптестің Қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді жүзеге асыру;

3) қолданыстағы заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісінің жаңғыртылуына және пайдаланылуына мониторинг және бағалау жүргізу;

4) МЖӘ объектісіне, сондай-ақ МЖӘ жобасы шеңберінде қызметті жүзеге асыруға қатысты құжаттамаға кедергісіз қол жеткізу;

5) МЖӘ шарты бойынша Жекеше әріптес қабылдаған міндеттемелердің орындалғанын растайтын құжаттарды талап ету және Жекеше әріптесінен алу;

6) Қазақстан Республикасы заңнамасының және МЖӘ шартының талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру шеңберінде жол берілген бұзушылықтарды жоюды талап ету;

7) Жекеше әріптестің кінәсінен туындаған МЖӘ объектісі бойынша шығындарды өтеуді талап ету;

8) Жекеше әріптес МЖӘ шартын оның талаптарын бұзған жағдайда бұзуды талап етуге;

9) Қазақстан Республикасының заңдарына және МЖӘ шартына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

156. 1-Мемлекеттік әріптес міндетті:

1) ұйымдастырушылық-өкімдік құжат негізінде оның өкілі ретінде әрекет ететін 1-Мемлекеттік әріптес өкілін тағайындауға;

2) осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Шарттың Қазақстан Республикасының қазынашылық органдарында тіркелуін қамтамасыз етуге;

3). 3 *(үш)* жұмыс күні ішінде шарт тіркелген күннен кейін шарттың түпнұсқасын, сондай-ақ шартта аталмаған, бірақ қарым-қатынастарды реттеу және МЖӘ жобасын іске асыру үшін қажетті, егер бұл құжаттама 1-Мемлекеттік әріптестің қызметіне/құзыретіне жататын болса, Жекеше әріптестің сұрау салуы бойынша ұсынылатын өзге де құжаттаманы Жекеше әріптеске беруге;

4) Жекеше әріптестің жазбаша өтініші бойынша МЖӘ объектісін жаңғырту және пайдалану мерзімін қарастыру және негіздер болған кезде ұзарту және тиісінше шарттың қолданылу мерзімін ұзартуға;

5) Заңнамада және осы Шартта белгіленген тәртіппен МЖӘ объектісіне мемлекеттік меншік құқығын тіркеуді қамтамасыз етуге;

6) Жекеше әріптес осы Шарттың қолданылу мерзімін қосымша мерзімге ұзартуға ниет білдірген жағдайда, бірақ осы Шарт тіркелген күннен бастап 30 жылдан аспайтын мерзімде мәселені заңнама талабы шеңберінде қарауға;

7) Шартта көзделген жағдайларда Жекеше әріптестің шығындарын өтеуге;

8) МЖӘ шартының бүкіл қолданылу мерзімі ішінде Жекеше әріптестің жазбаша келісімінсіз Жекеше әріптестің айрықша құқықтары мен міндеттерін кез келген басқа тұлғаға бермеуге;

9) МЖӘ шартында және заңнамада белгіленген өзге де талаптар мен шарттарды сақтауға міндетті.

157. 2-Мемлекеттік әріптес міндетті:

1) ұйымдастырушылық-өкімдік құжат негізінде оның өкілі ретінде әрекет ететін 2-Мемлекеттік әріптес өкілін тағайындауға;

2). 3 (үш) жұмыс күні ішінде шарт тіркелген күннен кейін шарттың түпнұсқасын, сондай-ақ шартта аталмаған, бірақ қарым-қатынастарды реттеу және МЖӘ жобасын іске асыру үшін қажетті, егер бұл құжаттама 2-Мемлекеттік

әріптестің қызметіне/құзыретіне жататын болса, Жекеше әріптестің сұрау салуы бойынша ұсынылатын өзге де құжаттаманы Жекеше әріптеске беруге;

3) Жекеше әріптестің жазбаша өтініші бойынша МЖӘ объектісін жаңғырту және пайдалану мерзімін қарастыру және негіздер болған кезде ұзарту және тиісінше шарттың қолданылу мерзімін ұзартуға;

4) шарт тіркелген күннен кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Жекеше әріптеске құжаттаманы, атап айтқанда МЖӘ объектісін қабылдау-тапсыру актілерінің түпнұсқаларын, Шартта аталмаған, бірақ қатынастарды реттеу және МЖӘ жобасын іске асыру үшін қажетті, Жекеше әріптестің сұрау салуы бойынша берілетін өзге де құжаттаманы беруге міндетті;

5) МЖӘ объектісін кейіннен жаңғырту және пайдалану үшін МЖӘ объектісін Жекеше әріптеске беруді уақтылы қамтамасыз етуге міндетті;

6) МЖӘ объектісін жаңғырту және пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін қажетті құқықтарды, рұқсаттарды, құжаттаманы беруге;

7) қалалық инженерлік және коммуникациялық желілерді, қол жеткізу жолдарын, оның ішінде МЖӘ объектісінің пайдалану сипаттамаларына әсер ететін, бірақ онымен шектелмей, МЖӘ объектісінің орналасқан жеріне жеткізуді қамтамасыз етуге;

8) Жекеше әріптеске берілген жер учаскелерінде қауіпті материалдар табылған кезде осындай материалдарды алып тастау жөнінде жәрдем көрсетуге міндетті;

9) МЖӘ объектісін пайдалану мақсаттары үшін инженерлік желілерді (энергиямен жабдықтау, телекоммуникациялар және т. б.) орнату, қосу және/немесе пайдалану үшін қол жеткізу бойынша жәрдем көрсетуге;

10) Заңнамада және осы Шартта белгіленген тәртіппен МЖӘ объектісіне мемлекеттік меншік құқығын тіркеуді қамтамасыз етуге;

11) белгіленген тәртіппен (қажет болған жағдайда) МЖӘ объектісін Шарттың бүкіл қолданылу мерзіміне оны одан әрі пайдалануды жүзеге асыру үшін үшінші тұлғалардың құқықтарынан бос пайдалану құқығын, сондай-ақ МЖӘ объектісіне Жекеше әріптестің көрсетілген құқықтарын растайтын құжаттарды уәкілетті мемлекеттік орган коммуналдық меншікке билік ету құқығын жүзеге асыру бойынша ресімдеген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Жекеше әріптеске беруге міндетті.;

12) шарт талаптары мен заңнамаға сәйкес Жекеше әріптеске ОШӨ-нің уақтылы төленуін қамтамасыз етуге міндетті;

13) МЖӘ шартында көзделген, оның ішінде осы Шартқа сәйкес тәуекелдерді басқару жөнінде уақтылы шаралар қолданбау нәтижесінде туындаған жағдайларда Жекеше әріптестің залалдарын, жоғалған пайдасын өтеуге міндетті;

14) Жекеше әріптес осы Шарттың қолданылу мерзімін қосымша мерзімге ұзартуға ниет білдірген жағдайда, бірақ осы Шарт тіркелген күннен бастап 30 жылдан асқайтын мерзімде мәселені заңнама талабы шеңберінде қарауға;

15) МЖӘ шартының бүкіл қолданылу мерзімі ішінде Жекеше әріптестің жазбаша келісімінсіз Жекеше әріптестің айрықша құқықтары мен міндеттерін кез келген басқа тұлғаға бермеуге;

16) Осы МЖӘ Шарты Мемлекеттік әріптестердің кінәсінен бұзылған жағдайда, Қазақстан Республиканың қолданыстағы заңнамасына және осы Шартқа сәйкес орындалған жұмыстардың расталған актілері, негізделген есептеулер және басқа да қаржылық құжаттар негізінде МЖӘ объектісін жаңғырту және пайдалану жөніндегі Жекеше әріптес жүргізген барлық шығындар сомасының 100%-на тең сомада Жекеше әріптеске өтемақы өтеуге;

17) МЖӘ шартында және заңнамада белгіленген өзге де талаптар мен шарттарды сақтауға міндетті.

17. Жекеше әріптестің құқықтары мен міндеттері

158. Жекеше әріптес құқылы:

1) шартқа 6-қосымшада көрсетілген нысанда және мерзімдерде ОШӨ төлеуді талап ету;

2) МЖӘ шартының талаптарын өзгерту туралы ұсыныстар енгізу;

3) өз қалауы бойынша заңнамаға сәйкес салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін МЖӘ жобасында өз қызметінен алынған таза табысты пайдалану;

4) МЖӘ шартында көзделген талаптарда МЖӘ объектісіне қатысты құқықтарды жүзеге асыру;

5) Мемлекеттік әріптестің келісімі және (немесе) хабарламасы бойынша МЖӘ шартына сәйкес іс-әрекеттері үшін Жекеше әріптес толық жауапты болатын кез келген үшінші тұлғаларды МЖӘ объектісін жаңғырту және пайдалану жөніндегі жұмыстарды орындауға тарту;

6) МЖӘ шартында белгіленген жағдайларда шығындарды және жоғалған пайданы өтеуді талап ету;

7) Мемлекеттік әріптестрмен МЖӘ шартында белгіленген рәсімге сәйкес өз міндеттемелерін және (немесе) МЖӘ шартының елеулі талаптарын бұзған жағдайда МЖӘ шартын бұзуды талап етуге;

8) МЖӘ шартын мерзімінен бұрын бұзған кезде МЖӘ шартында және заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен төлемдерді, өтемақыларды және жоғалған пайданы талап ету;

9) осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау шеңберінде өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін тиісті мемлекеттік органдарға және өзге де Халықаралық ұйымдарға жүгінуге;

10) Мемлекеттік әріптестерді хабардар ете отырып, жүйені жетілдіру, объектіні жаңарту, оны жаңа талаптар мен нормаларға, технологияларға, техникалық шарттарға, сапа көрсеткіштеріне сәйкес келтіру жолымен МЖӘ объектісін жаңғыртуды жүргізуге;

11) Мемлекеттік әріптес өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда және осы Шартта көзделген өзге де жағдайларда осы МЖӘ шартының жаңғырту және (немесе) пайдаланылуын ұзартуға;

12) МЖӘ шартына және заңнамаға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға міндетті.

159. Жекеше әріптес міндетті:

1) МЖӘ Шарты шеңберіндегі сенімхат негізінде өз өкілін тағайындау;

2) МЖӘ жобасын қаржылық жабуды жүзеге асыру;

3) МЖӘ шартында белгіленген мерзімде өз есебінен немесе өзге тұлғаларды (мердігерлік, қаржы ұйымдарын) тарта отырып, МЖӘ шартына және заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісін жаңғырту жөніндегі жұмыстарды өз бетінше орындауға міндетті;

4) МЖӘ объектісін жаңғырту және пайдалану кезінде, егер олар мемлекеттік немесе халықаралық стандарттарға сәйкес келсе, Қазақстан Республикасында өндірілген жабдықтар мен материалдарды пайдалануға;

5) МЖӘ объектісінің бейінін сақтауға міндетті;

6) МЖӘ объектісінің нысаналы мақсатына сәйкес жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге міндетті;

7) МЖӘ жобасын іске асыру үшін тартылатын және бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын қамтамасыз етуге міндетті;

8) қызметтік функцияларды орындайтын мемлекеттік органдарға, Мемлекеттік әріптеске және МЖӘ шартының сақталуын бақылауды жүзеге асыратын оның өкілдеріне, олар МЖӘ объектісіне кез келген бару кезінде Жекеше әріптес белгілеген қауіпсіздік шараларын сақтаған жағдайда, қажетті құжаттарды, ақпаратты және жұмыс орындарына қолжетімділікті ұсыну, сондай-ақ анықталғандарды МЖӘ шартын және заңнаманы бұзушылықтарды өз есебінен уақтылы және өз күшімен жоюға;

9) Шартта және заңнама талаптарына сәйкес белгіленген мерзімдерде қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін МЖӘ объектісінің әзірлігін қамтамасыз етуге;

10) Мемлекеттік әріптеске жүзеге асырылатын қызмет бойынша ақпарат және МЖӘ шартында және заңнамада талап етілетін есептер беруге;

11) Қызмет көрсету үшін кемінде 10 адамнан тұратын кәсіби кадрларды уақтылы іріктеуді жүргізуге;

12) МЖӘ объектісін жаңғырту және пайдалану үшін қызметкерлерді жалдауды жүзеге асыру кезінде, өзге де тең жағдайларда жергілікті кадрларға артықшылық беруге;

13) МЖӘ объектісін жаңғырту және пайдалану кезінде мұндай мердігерлік ұйымдардың қызметтері Мемлекеттік өзге және/немесе халықаралық стандарттарға сәйкес келген жағдайда міндетті түрде қазақстандық мердігерлік ұйымдарды тарту қажет;

14) МЖӘ объектісін жаңғырту және пайдалану кезінде, егер олар мемлекеттік және/немесе халықаралық стандарттарға сәйкес келсе, Қазақстан Республикасына өндірілген жабдықтар мен материалдарды міндетті түрде пайдалануға;

15) көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар мен МЖӘ объектісі персоналының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті;

16) МЖӘ объектісі қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес пайдалануға берілген күннен бастап сервистік қызмет көрсетуді жүргізу;

17) МЖӘ объектісін жаңғырту кезінде тиімді, сапалы әдістер мен технологияларды таңдау және пайдалануға;

18) кадрлардың біліктілігін одан әрі арттыра отырып, МЖӘ объектісінде қызмет көрсету бойынша кадрларды оқытуды қамтамасыз етуге;

19) салық заңнамасын, сондай-ақ Еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы сақтауға;

20) МЖӘ объектісі пайдаланылған сәттен бастап және МЖӘ шартының қолданылуы аяқталғанға дейін жылына кемінде 1 (бір) рет ағымдағы жөндеу жүргізуді қамтамасыз етуге;

21) МЖӘ шартына сәйкес кез келген Ақаулар мен өзге де бұзушылықтарды уақтылы жоюға;

22) МЖӘ шартының қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін, оны мерзімінен бұрын бұзу және МЖӘ шартында көзделген өзге де жағдайларда МЖӘ объектісін белгіленген тәртіппен табиғи тозуды және ол бойынша барлық қажетті құжаттаманы ескере отырып, ақаусыз техникалық жағдайда 2-Мемлекеттік әріптеске беруге;

23) Мемлекеттік әріптестерге заңнамаға және Шарттың ережелеріне сәйкес МЖӘ жобасын іске асыру барысында және/немесе шартты мерзімінен бұрын бұзу нәтижесінде туындайтын нақты шығыстарды және/немесе шығындарды және/немесе шығындарды өтеуге;

24) шартта көзделген сақтандырудың барлық түрлерін жүзеге асыруға;

25) МЖӘ шартында және заңнамада белгіленген өзге де талаптар мен талаптарды сақтауға міндетті.

18. Құқықтар мен міндеттерді беру

160. Мемлекеттік әріптестердің рұқсатымен және Шартта және заңнамада белгіленген талаптарды сақтай отырып, Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін немесе олардың бір бөлігін өзге тұлғаларға беруге құқығы бар.

161. Осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді 160-тармаққа сәйкес, оның ішінде Жекеше әріптесті ауыстыру жолымен беру кезінде жаңа Жекеше әріптес осы МЖӘ жобасы бойынша конкурстық іріктеу сатысында қойылған бастапқы біліктілік талаптарына сәйкес келуге тиіс.

162. Шартты тоқтату Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді өзге тұлғаларға беру туралы мәмілелерді тоқтатуға негіз бола алады.

163. Егер беру Шарттарында өзгеше көзделмесе, құқықтар мен міндеттерді беру бойынша барлық шығыстар, Жекеше әріптестің шығыстарына жатқызылады.

164.Жекеше әріптес және шарт бойынша құқық пен міндет берілетін үшінші тұлға ортақ жауапкершілікте болады.

165. Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беру Шартқа тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттігіне алып әкеледі және

осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар тіркелген сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

166. Мемлекеттік әріптестер мұндай құқықтар мен міндеттерді беру Заң талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беруден бас тартуға құқылы.

167. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестердің рұқсатынсыз жасаған Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беруге бағытталған мәмілелер мен өзге де іс-қимылдар оларды жасасу сәтінен бастап жарамсыз деп есептеледі.

19. Шартты орындау үшін тартылатын адамдардың құқықтары мен міндеттері

168. Жекеше әріптес Шарттың 18-бөлімінің ережелері қолданылған жағдайда, азаматтық заңнамаға сәйкес шартты орындау үшін тартылатын үшінші тұлғалармен (бұдан әрі - үшінші тұлғалар) шарттар жасасуға құқылы.

169. Үшінші тұлғалар мен Жекеше әріптестің өзара қарым-қатынасы жасалатын Шарттың, сондай-ақ осы Шарттың нормаларымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

170. Үшінші тұлғалардың құқықтары мен міндеттері жасалатын шарттың нормаларымен регламенттеледі және осы шарттың нормаларына қайшы келмеуге тиіс.

171. Жекеше әріптес үшінші тұлғалардың іс-әрекеттері, әрекетсіздігі, олқылықтары мен немқұрайлылығы үшін тиісті әрекеттерді, әрекетсіздіктерді, олқылықтар мен немқұрайлылықты Жекеше әріптес жасағандай толық көлемде жауап береді.

172. Жекеше әріптес нақты хабардарлығына қарамастан, осы Шарттың мақсаттары үшін Жекеше әріптеске жобаға қатысты үшінші тұлғаларға қолжетімді (немесе қолжетімді болуы тиіс) барлық ақпарат қолжетімді болады деп есептеледі.

20. Мемлекеттік әріптестің МЖӘ шартының орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі

173. Мемлекеттік әріптестер заңнамада белгіленген тәртіппен Жекеше әріптестің Шарттың талаптарын орындауын, Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімін, сондай-ақ МЖӘ объектісін пайдалану бойынша міндеттемелердің Шартта белгіленген мақсаттарға сәйкес орындалуын бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

174. Бақылаудың негізгі бағыттары:

1) МЖӘ объектісін пайдалану және бейінін сақтау тиімділігі;

2) заңнамада және Шарттың талаптарында талап етілетін көрсетілетін қызметтердің сапасын сақтау;

3) Шартта айқындалған барлық шарттар мен тәртіптердің сақталуы;

4) қоршаған ортаны қорғау және жұмыс жүргізу қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтау.

175. Жекеше әріптес жыл сайын Мемлекеттік әріптеске Жекеше әріптестің Шарт бойынша міндеттемелерді орындауы туралы есепті есепті кезең аяқталған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде ұсынады.

176. Мемлекеттік әріптестер Жекеше әріптес қызметіне бақылауды жүзеге асыру барысында Жекеше әріптес МЖӘ шартының талаптарын сақтауына елеулі әсер етуі мүмкін бұзушылықтарды анықтаған кезде, Мемлекеттік әріптестер Жекеше әріптес жіберілген бұзушылықтарды күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде жою туралы талапты жазбаша нысанда жібереді.

177. Тараптар бір-біріне МЖӘ шарты бойынша міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты уақтылы беруге және МЖӘ шартында көзделген міндеттердің тиісінше орындалуына ықпал етуге қабілетті елеулі оқиғалардың басталғаны туралы бір-біріне дереу хабарлауға міндетті;

178. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ шарттары 176-тармағында көрсетілген мерзім ішінде бұзушылықты жоюға міндетті.

179. Мемлекеттік әріптес бақылауды «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау мен іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығына сәйкес жүзеге асырады.

21. Тәуекелдерді және оларды басқару жөніндегі іс-шараларды бөлу, бағалау

180. МЖӘ жобасының мақсаттарына, міндеттері мен нәтижелеріне қол жеткізуге теріс салдарларға жол бермеу мақсатында және тараптар үшін шығындар және (немесе) жоғалған пайда түрінде тәуекелдерді реттеу бойынша Тараптар МЖӘ шартының талаптарына сәйкес жауапты болады.

181. МЖӘ шартының өзге бөлімдерінде белгіленген тәуекелдерді бөлуді, бағалауды және оларды басқару жөніндегі іс-шараларды ескере отырып. Тараптар МЖӘ шартына 12-қосымшаға сәйкес тәуекелдерді бөлу туралы келісімге келді.

22. Тараптардың жауапкершілігі

182. МЖӘ шарты бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар МЖӘ шартында және заңнамада көзделген жауаптылықта болады.

183. Шартта көрсетілген МЖӘ объектісін жаңғырту және пайдалану міндеттемелері бойынша талаптар бұзылған жағдайда, 2-Мемлекеттік әріптес бұзушылық анықталған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде шарттың тармағын және/немесе талаптары бұзылған құжатты көрсете отырып, анықталған бұзушылықты өтеусіз жою, сондай-ақ Мемлекеттік әріптеске Жекеше әріптесті бұзудан туындаған залалдарды өтеу туралы талапты жазбаша нысанда Жекеше

әріптеске жібереді. Бұл ретте бұзушылықты жою мерзімі 90 (отыз) күнтізбелік күнді құрайды.

184. Екінші Тараптың МЖӘ шарты бойынша өз міндеттерін бұзуы МЖӘ шартында көзделген міндеттерді орындауға кедергі келтірген және (немесе) залалдар және (немесе) жоғалған пайда түріндегі теріс салдарға әкеп соқтырған жағдайда, Тарап МЖӘ шарты бойынша өз міндеттерін орындауға кіріспеуге немесе екінші Тарапты дереу хабардар ете отырып, олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

